



ШӘКІРТ ШЫРАҒЫ

8-БЕТ | БІЛІМ



ГАДЖЕТКЕ ТӘУЕЛДІЛІК: ДЕРТ ПЕ, ӘДЕТ ПЕ?

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ



ДІНГЕГІМІЗ – ДЕМОГРАФИЯ

10-БЕТ | ҰЛТ ҰПАЙЫ

“”

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Отандық бизнеске және шетел инвесторларына жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органның міндеті. Ал олардың, яғни бизнестің және инвесторлардың заңды қызметіне кедергі жасау аса ауыр құқық бұзушылық деп саналуға тиіс. Демек ондай әрекетке жол бергендер тиісті жазасын алады. Мен бұл туралы үнемі айтып жүрмін. Ал кәсіпкерлер мен инвесторлар өз жұмысын адал жүргізіп, заңды сақтап, салық төлеуден жалтармауы керек.

№134
(4722)
Сенбі
9 қараша
2024 жыл



ASTANA

ELORDA
AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ТҰРҒЫНДАР ТАЛАП ТА, АЛҒЫС ТА АЙТТЫ

Биыл елорданың Байқоңыр ауданында 13 жаңа қоғамдық кеңістік ашылды. 132 аулада жөндеу жұмыстары жүргізілді. Ауданда атқарылып жатқан басқа да іс-шаралар туралы, сондай-ақ алдағы уақытқа межеленген жұмыстар жайлы Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбектің аудан тұрғындарымен кездесуі барысында кеңінен айтылды.

6-7

ӘСКЕРГЕ SMS АРҚЫЛЫ ШАҚЫРЫЛАДЫ

Қазақстандықтар енді әскерге SMS арқылы шақырылады. Мәжіліс тиісті заң жобасын мақұлдады.

Құжатта қазақстандықтарды мерзімді әскери қызметке шақыру жөнінде хабардар етудің электронды әдісі белгіленеді. Қорғаныс министрлігі осы мақсатта SMS хабарламаларды «Электронды үкімет» веб-порталы – 1414 қызметі және пайдаланушының «жеке кабинеті» арқылы жіберетін болады.

«Сондай-ақ қазақстандықтар әскери қызметке шақыруды бір рет қана кейінге қалдыра алады.

Әскерге шақырылушы азамат бакалавриатты аяқтаған соң, басқа мамандық бойынша қайта бакалавриат оқыған кезде әскери қызметті кейінге қалдыру мүмкіндігін ала алмайды. Некеде тұрған азаматтар, егер жұбайы жүкті болса, отбасылық себептері бойынша мерзімді әскери қызметке шақыруды 12 және одан да көп аптаға кейінге қалдыруға болады» делінген заң жобасында.

Астанада қоғамдық көліктер санын көбейту жұмыстары жалғасып жатыр.

9 қарашадан бастап бес бағыт бойынша қосымша автобустар рейске шығады, деп хабарлады «City Transportation Systems» компаниясының баспасөз қызметі. Бұл рейстер арасындағы аралықтарды үш минутқа қысқартуға мүмкіндік береді.

Қосымша автобустар келесі бағдарларға қосылады: №3 бағдар – енді 14 автобус (бұрын 12); №15 бағдар – енді 16 автобус (бұрын 15); №31 бағдар – енді 10 автобус (бұрын 7); №40 бағдар – енді 19 автобус (бұрын 18); №326 бағдар – енді 4 автобус (бұрын 3).



ЖАҢА ЖЫЛДЫ ЖҮГІРІП ҚАРСЫ АЛЫҢЫЗ

Дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының орынбасары Исламбек Байманов елордада Жаңа жылдық мерекеге орай 31 желтоқсан күні бұқаралық жүгіру өтетінін мәлім етті.

Соңғы екі жылда өткізіліп келе жатқан жаңажылдық жүгіру биыл 31 желтоқсан күні Ботаникалық саябақта өтеді. Мерекелік жүгіруге қатысушылар 2025 метрлік қашықтықты еңсеретін болады. Жүгіру соңында барлық қатысушыларға естелік медальдар беріледі.



2025 ЖЫЛ – ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

ҚР Президентінің «Жұмысшы мамандықтар жылын жариялау туралы» Жарлығының жобасы туралы» Үкіметтің қаулысы дайындалды.

Жоба Қазақстан Президентінің қарауына енгізілетін болады. «2025 жыл Жұмысшы мамандықтар жылы деп жариялансын» делінген құжатта. Үкімет Жұмысшы мамандықтар жылын өткізу бойынша қажетті шараларды қабылдайтын болады.

Жарлық жобасы экономиканың өсімін қамтамасыз ету мен инвестициялық тартымдылығын арттыру үшін кәсіптік білім беру білім беру жүйесін реформалауға бағытталған. Сондай-ақ жұмысшы мамандықтарын дәрiптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттау.

Құжат 20 қарашаға дейін жария талқылау үшін «Ашық НҚА» сайтында орналастырылған.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 532.62 \$ USD/KZT 488.91 ₸ RUB/KZT 5 ¥ CNY/KZT 68.83

t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



МЕМЛЕКЕТТІК САПАР ДАЙЫНДЫҒЫН ПЫСЫҚТАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астанаға жұмыс сапарымен келген Ресей Федерациясының Сыртқы істер министрі Сергей Лавровпен кездесті. Президент Ресей сыртқы саясат ведомствосының басшысына ілтипат білдіре отырып, екіжақты ынтымақтастықтың достық, тату көршілік және стратегиялық серіктестік рухында қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұған жоғары деңгейдегі тұрақты саяси диалог, сондай-ақ екі ел үкіметтері мен парламенттерінің үйлесімді жұмысы айтарлықтай ықпал етіп отыр.

Әңгімелесу барысында Ресей Президентінің Қазақстанға жоспарланған мемлекеттік сапарына дайындық мәселесіне айрықша мән берілді. «Біз алдағы сапарға тыңғылықты дайындалып жатырмыз. Бұл мемлекетаралық байланыстардағы айтулы оқиға болады деп санаймыз. Екі елдің ынтымақтас-

тығы үлгі тұтарлықтай және қарқынды дамып келеді. Бұл сапар стратегиялық серіктестік пен одақтастық қарым-қатынасқа тың серпін береді» деді Президент.

Өз кезегінде Сергей Лавров Ресей мен Қазақстанның көпжақты ықпалдастығы, соның ішінде алдағы сапардың күн тәртібі үкіметтер мен сыртқы саясат ведомстволары арасында егжей-тегжейлі пысықталып жатқанын жеткізді.

Ресей Сыртқы істер министрі Астанада Мәскеу мемлекеттік халықаралық

қатынастар институтының 80 жылдығына орай ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырғаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Аталған жиын дипломатиялық ортада және бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен талқыланды.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сергей Лавров өңірлік және халықаралық күн тәртібі, сондай-ақ көпжақты құрылымдар мен интеграциялық бірлестіктер аясындағы әріптестіктің өзекті мәселелері жөнінде пікір алмасты.

30 ЖЫЛДЫҚ ЫҚПАЛДАСТЫҚ ЖЕМІСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Орталық Азия өңірлік экономикалық ынтымақтастығы бағдарламасының 23-министрлік конференциясына қатысу үшін Астанаға келген Азия даму банкінің президенті Масацугу Асакавамен кездесті.

Мемлекет басшысы мәртебелі мейманды Қазақстан мен Азия даму банкінің нәтижелі қарым-қатынасының 30 жылдығымен құттықтады. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміз қаржы институтымен өзара ықпалдастықтың стратегиялық

дәлізін салуға, сондай-ақ Ақтөбе – Қандыағаш жолын қайта жөндеуге қатысты.

Қазақстан Президенті жаңа басым бағыттар бойынша бірлескен шараларды одан әрі жалғастырудың маңызды екенін атап өтті. Мемлекет

қава еліміздің экономикалық реформалары мен орнықты даму жолындағы табысын оң бағалады. Сонымен қатар банктің Қазақстанмен тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға, соның ішінде инфрақұрылымды жаңғырту,



сипатын, сондай-ақ банктің ірі инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға және ұлттық қаржы жүйесін нығайтуға қосқан үлесін жоғары бағалайтынын айтты.

Азия даму банкі 1994-2024 жылдар аралығында Қазақстанда жалпы сомасы 7 миллиард долларға жуық жобаларды қаржыландырды. Атап айтқанда, банк Батыс Қытай – Батыс Еуропа халықаралық көлік

басшысы Қазақстанда экономиканы ырықтандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту және еліміздің экономикалық әлеуетін арттыру үшін қажетті жағдай жасау жұмыстары жалғасып жатқанын жеткізді. Қасым-Жомарт Тоқаев экономиканы декарбонизациялау өзара іс-қимылдың перспективті салаларының бірі екеніне тоқталды.

Өз кезегінде Масацугу Аса-

әлеуметтік саланы жетілдіру және инвестициялық ахуалды нығайту бағытындағы ірі жобаларға қатысуға дайын екенін растады. Азия даму банкі президентінің сапары аясында жалпы құны 300 миллион доллардан асатын «Қызылорда – Жезқазған» автожолының құрылысын қаржыландыру туралы келісімге қол қою жоспарланып отыр.

ТАБЫСҚА ЖЕТУДІҢ КІЛТІ НЕДЕ?

Сенат төрағасының орынбасары Жақып Асанов Astana IT University алаңында өткен «Project Management Workshop» воркшопқа қатысты. Ол өз сөзінде қатысушыларға баса назар аударудың маңыздылығы мен жобаларды басқаруда қажетсіз істерден бас тарту туралы айтты. Басқосуға кәсіби даму мен жобаны басқару дағдысын жетілдіруге мүдделі студенттер мен жас мамандар жиналған болатын.

«Аландататын көптеген тапсырмаларға «жоқ» деп айта білу және басты нәрсеге назар аудару – табысқа жетудің басты жолы. Мақсаткерлік пен табандылық өркендеген компания құруға және орнықты нәтижеге қол жеткізуге көмектеседі. Маңызды нәрсеге назар аударып, оған жету үшін бар күшіңізді салуға тура келеді. Нәтижеге бағытталған топ құрғанда оған қандай құрал ұсынуға болатыны нақты белгілі. Ол – жобаны

басқару» деді Жақып Асанов.

Ол негізгі міндеттерге баса назар аударудың арқасында серпіліске қол жеткізген табысты компаниялар туралы мысал келтірді. Сенат төрағасының орынбасары жас мамандарға арнап сөйлеген сөзінде 1996 жылы Стив Джобстың басшылығымен портфолиосын 40 өнімнен төртке дейін оңтайландырып, олардың көмегімен жаһандық империя құрған Apple сияқты табысты компания туралы айтты. Се-

натордың пікірінше, мұндай компанияның тәжірибесі серпіліс мақсатында қажетсізден арылып, басты міндетке назар аудару қажет екенін көрсетіп отыр.

Қатысушыларды өз жобалары мен жеке мақсаттары бойынша белсенді жұмыс істеуге құлшындырған шарада қазіргі жағдайда кәсіби өсу мен табысқа жетуде тиімді басқару мен мақсатты жұмыстың маңыздылығы атап өтілді.



ЕУРОПАРЛАМЕНТ ӨКІЛДЕРІМЕН КЕЗДЕСТІ

Мәжілісте «Қазақстан Республикасы – Еуропалық Одақ» парламенттік ынтымақтастық комитетінің 21-отырысы өтті. Бұл – маусым айындағы Еуропарламент сайлауынан кейін жаңа құрамдағы Еуропалық Одақ депутаттарының Орталық Азияға алғашқы сапары.

Депутат Айдос Сарым Еуропарламент өкілдеріне Қазақстандағы саяси, заңнамалық және экономикалық реформалар туралы айтып берді. Атап айтқанда, ол мемлекеттік құрылымды жаңғырту, адам құқықтарын нығайту және азаматтық қоғамның рөлін күшейту бағытындағы өзгерістерді атап өтті.

Еуропалық депутаттар Қазақстанның сауда және инвестициялық серіктес ретіндегі маңыздылығына тоқталды: 2023 жылы өзара тауар айналымы 3,5%-ға артса, 2024 жылдың алғашқы 8 айында бұл көрсеткіш тағы 18%-ға ұлғайды. Еуропалық Одақтан

Қазақстанға тартылған инвестициялар көлемі 23%-ға артып, 12,5 миллиард долларға жетті.

Кездесу барысында тараптар саяси және сауда-экономикалық салалардағы, сондай-ақ заң үстемдігі, адам құқықтары және басқа да бағыттар бойынша ынтымақтастықтың қазіргі жағдайы мен перспективаларын талқылады. Әсіресе, Транскаспий халықаралық көлік бағыты, климаттың өзгеруі мен жасыл технологиялар, Қазақстан мен Еуропалық Одақ арасындағы визалық режимді жеңілдету бойынша әріптестікті нығайтудың маңыздылығына ерекше мән берілді.

Парламентаралық байланыстарды нығайту аясында тараптар Орталық Азия мен Еуропалық Одақ арасындағы өңірлік ынтымақтастық мәселесіне жеке тоқталды. Депутаттар Еуропалық Одақтың Орталық Азия бойынша стратегиясын, сондай-ақ өңірлік байланысты нығайтуға бағытталған BOMCA, LEICA, CADAP сияқты бірлескен жобалар мен бағдарламаларды іске асыру туралы пікірлерін ортаға салды.

Еуропарламент әлемдегі күрделі геосаяси жағдайға қарамастан өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі Орталық Азияның маңызды рөлін атап өтті.





ІСКЕРЛІК АХУАЛ ҚАЛАЙ ЖАҚСАРАДЫ?

Премьер-министр Олжас Бектенов шағын және орта бизнес форумына қатысты. Басқосуда кәсіпкерлікті дамыту мәселелері көтеріліп, отандық тауар өндірушілерді мемлекеттік қолдауды жетілдіру бойынша қабылданған іс-шаралар атап өтілді, сондай-ақ еліміздегі іскерлік ахуалды одан әрі жақсарту идеялары айтылды.

Форумға Қазақстанның барлық өңірінен 450-ден астам ШОБ өкілі қатысты. Шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуға, елішілік құн үлесін арттыруға, қызметтерді цифрландыру арқылы әкімшілік рәсімдерді жеңілдетуге, инвестициялық жобаларды іске асыруға, ОТӨ-нің экспорттық әлеуетін кеңейтуге және басқа да мәселелерге назар аударылды.

Олжас Бектенов Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Жолдауында қойылған міндеттерді іске асыру шеңберінде Үкімет іскерлік белсенділікті арттыру және бизнесті жүргізу үшін қолайлы жағдай жасау жөнінде кешенді жұмыс жүргізіп жатқанын атап өтті.

Мәселен, өткен жылдан бастап енгізілген «таза парақтан» реттеу қағидатына сәйкес, бизнеске қойылатын жаңа реттеуші саясаттың базалық шарттарына сай келмейтін 10 мыңнан астам талап жойылды. Шағын және орта кәсіпкерліктің басым салаларын қолдау мақсатында қаржылық іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Екінші деңгейлі банктер несиелерін субсидиялау және ішінара кепілдік беру аясында қолдау іс-шаралары 2019 жылдан бері 5 есеге өсіп, 150 мыңнан астам жобаны құрады. Төленген субсидиялар көлемі 8 есеге артты.

Тұтастай алғанда, қабылданып жатқан кешенді іс-шаралардың нәтижесінде ел экономикасындағы ШОБ үлесі 37%-ға дейін өсті. Бүгінгі таңда бизнес саласында 4 млн-нан астам азамат жұмыс істейді. Өткен жарты жылда шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері 34 трлн теңгенің өнімін өндірді. Өсім өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда шамамен 20%-ды құрады.

«Президент отандық бизнеске және инвесторларға жол ашу – Үкімет пен барлық мемлекеттік органдардың міндеті екенін нақты айтты. Біздің мақсатымыз – бизнес

өзін нық сезінетін, сондай-ақ өз идеяларын жүзеге асыруға, өндірістерін кеңейтуге және болашаққа инвестиция салуға мүмкіндік беретін экономика құру. Бұл ретте әрбір кәсіпкердің мемлекеттік органдармен арадағы өзара іс-қимылдың ашықтығына және жеделдігіне сенім артуы маңызды. Біз жаһандық сын-қатерлер мен жедел технологиялық прогресс жағдайында кәсіпкерлерді қолдау тетіктерін дамытып қана қоймай, экономикамызды белсенді түрде әртараптандыруымыз қажет екенін түсінеміз. Бұл орайда бизнестің рөлі өлшеусіз» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Мемлекеттік қолдау шараларының тиімділігін АӨК саласынан айқын байқауға болатыны атап өтілді. Биыл көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарына жеңілдікпен несие беру 2,5 есеге артып, 580 млрд теңгені құрады. Бұл ауыл шаруашылығы дақылдарының барлық түрі бойынша жоғары өнім алуға мүмкіндік берді. Премьер-министр ШОБ саласындағы осындай көрсеткіштерге қол жеткізу келешегін атап көрсетті. Бұл ретте мемлекеттік қолдау бизнестің қарсы міндеттемелерін де бөлдіреді, яғни ішкі нарықты сапалы әрі қымбат емес өнімдермен қамтамасыз ету, қайта өңдеу көлемін арттыру, тұрақты жұмыс орындарын құру және экспортты ұлғайта отырып, өндірісті біртіндеп ірілендіру мәселелеріне көңіл бөлінуге тиіс.

Ірі бизнес төңірегіндегі ШОБ белдеуін дамытудың елеулі әлеуеті белгіленді. Ірі кәсіпорындар жергілікті компаниялармен ұзақмерзімді келісімшарттар жасасуы керек. Бұл мемлекеттік қолдауға ие болудың міндетті шартына айналады. Барлық даму институттарына тиісті тапсырмалар берілді.

Үкімет биыл отандық тауар өндірушілерді басым тәртіппен қолдау бойынша бірқатар шешім қабылдады. Бүгінгі таңда қазақстандық

тауар өндірушілерден мемлекеттік сатып алуларда басым тәртіппен сатып алынатын тауарлар тізбесі 3 еседен астамға кеңейтілді. Бүгінгі таңда бұл – 4,5 мың тауар. Жасалған шарттардың сомасы 31%-ға ұлғайтылып, 167 млрд теңгені құрады. Сондай-ақ ірі тапсырыс берушілердің («Самұрық-Қазына» қоры, жер қойнауын пайдаланушылар) сатып алу рәсімдеріне өзгерістер енгізілді: биыл отандық тауар өндірушілермен 470 млрд теңгеге 100-ден астам ұзақмерзімді шарт және 134 млрд теңгеге 260-тан астам оптейк-келісімшарт жасалды, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 14 есеге көп.

Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы аясында адами капиталды дамыту, ғылым мен өндірісті интеграциялау мәселелеріне ерекше назар аударылды. Олжас Бектенов бизнесті кадрлық әлеуетті арттыру, студенттер үшін тиімді тәжірибе базасын ұсыну және жұмыс орындарын квота-лау арқылы түлектерді жұмысқа орналастыру үшін күш салуға шақырды.

Форум аясында Премьер-министр шығарылатын отандық тауарлар желісімен танысты. Қазақстан кәсіпкерлері бүкіл өндіріс тізбегі бойынша іске асыратын жобалар экономика үшін ерекше маңызды саналады. Тоқыма өнеркәсібі жетістігін көрсете отырып, Үкімет басшысына мақта өсіру, жіп және мата өндіру, сондай-ақ ел ішінде де, шетелде де сұранысқа ие дайын өнім шығарумен айналысатын бірқатар кәсіпорын таныстырылды. Бұл тұрғыда Олжас Бектенов өңірлік бағытты ескере отырып, кластерлер құру қағидатына сәйкес жобаларды қолдау бойынша жаңа тәсілдің маңыздылығына тоқталды. Бизнеспен бірлесіп, ШОБ дамуына қосымша серпін беретін мәселелер талқыланды. Премьер-министр салалық министрліктер мен ұйымдарға бірқатар тапсырма берді.

КӘСІБИ ОТБАСЫЛАР ИНСТИТУТЫ ҚҰРЫЛАДЫ

Қазақстанда баланы қабылдайтын кәсіби отбасылар институты құрылады. Бұл туралы Мәжілістің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білім беру және баланың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын бірінші оқылымда талқылау кезінде Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мәлімдеді.

«Қиын жағдайға тап болған балаларға сенім мен жылулық атмосфера-сын қалыптастыру, психо-эмоционалды жағдайын сақтау, күйзелістен қорғау, қоғамда табысты әлеуметтендіру мақсатында отбасылық орналастырудың жаңа нысанын енгізу ұсынылады. Баланы қабыл-

былдайтын кәсіби отбасы мәртебесін алуға үміткер отбасылар психологиялық даярлықтан өтеді» деді Ғани Бейсембаев.

Мәжілістегі баспасөз мәслихатында осы жаңа институтқа қатысты Оқу-ағарту вице-министрі Еділ Оспан түсінік берді. «Заң жобасы ата-ананың

өзгеріс стресс тудырады. Сондықтан заң жобасы аясында арнайы дайындықтан өткен, тіркеуге қойылған отбасылар дайындалады. Осы отбасыларға балалар уақытша орналастырылады. Бұл отбасылар балаларды тәулік бойы қабылдайды, яғни кез келген уақытта балаларға отбасылық



дайтын кәсіби отбасылар институтын енгізу кезінде тиісті жаңа тәсілдер әзірленді. Балалар анықталғаннан кейін, балалар үйіне емес, бірден отбасыларға табысталады. Әрбір бала ата-ананың назарымен және қамқорлығымен қамтылуы үшін бір кәсіби отбасында балалар саны 4-тен аспайды. Баланы қа-

қамқорлығынсыз қалған немесе қиын жағдайға тап болған балаларды қабылдаушы отбасыларға орналастыру институты енгізілмек. Мәселен, қазір балалар осындай жағдайға тап болғанда, бірінші кезекте интернаттық ұйымға орналастырылады. Отбасында жүрген балалардың өміріндегі бұл

қамқорлық жасауға дайын болады. Бұл отбасыларға апарған кезде, балаларды ары қарай тұрақты отбасына орналастырудың тетігі жүзеге асырылады. Атап айтқанда, осы балаларды қабылдай алатын жақын туыстары іздестіріледі» деді вице-министр тілшілер сұрағына қайтарған жауабында.

525 МЛРД ТЕҢГЕ ҚАЙТАРЫЛДЫ

Қазақстан Республикасының Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Активтерді қайтару мәселелері жөніндегі комиссияның кезекті отырысы өтті. Комиссия «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң субъектілерінің жалпы сомасы 525 млрд теңгеден астам қаражатты мемлекет пайдасына аудару және әлеуметтік жобаларды жүзеге асыру жөніндегі келісімдерін мақұлдады.

Қаражат Арнаулы мемлекеттік қорға аударылып, заң субъектілері есебінен мынадай нысандардың құрылысы жұмсалады: Арқалық қаласында да-рынды спортшы балаларға арналған 120 орындық спорттық кешен, Астанада тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған оңалту орталығы, Алма-тыда ерекше қажеттілігі бар адамдарға арналған

400 орындық жаттығу орталығы.

«Мемлекет басшысы тапсырғандай, қайтарылған барлық қаражат қазақстандықтардың игілігі үшін жұмыс істеуі тиіс. Осы жылдың басынан бастап Комиссия қайтарылған активтер бойынша жалпы сомасы 900 млрд теңгеден астам келісімдерді мақұлдады. Бұл қаражатқа бірқатар әлеуметтік инфрақұрылым

нысандарының құрылысы басталды» деп атап өтті Олжас Бектенов.

Бұған дейін Президент тапсырмасы бойынша Арнаулы мемлекеттік қордан Ақмола облысындағы Зеренді ауылында спорттық кешен және Түркістан облысындағы Темірлан ауылында музыка мектебінің құрылысына қаражат бөлінді. Комиссия жұмысы жалғасуда.

ҚАРЖЫНЫ ҮНЕМДЕЙДІ

2025 жылдан бастап медициналық кітапша электронды форматқа ауыстырылады. Бұл туралы Денсаулық сақтау министрінің орынбасары Ербол Оспанов мәлім етті. «Бүгінде 1,6 млн адамның жұмыс істеуге рұқсат берілген жеке медициналық кітапшасы бар.

Оның ішінде қоғамдық тамақтану саласында – 780 мың, білім беру саласында – 550 мың, денсаулық сақтау саласында – 272 мың және жеке секторда 52 мыңға жетті.

Осылайша әр азамат жеке медициналық кітапшасын бірнеше ұйымда ұсына алады, бұл ақшаны үнемдеуге көмектеседі» деді Ербол Оспанов Орталық коммуникациялар қы-

зметі алаңында өткен баспасөз мәслихатында. Вице-министрдің айтуынша, электронды медициналық кітапшаның тағы бір артықшылығы қолдан жасауға жол бермейді.

АЛДЫН АЛА АҚША ТӨЛЕМЕҢІЗ!

Елімізде жыл басынан бері 17 мыңнан астам интернет-алаяқтық дерегі тіркелген. ҚР Ішкі істер министрлігі таратқан ресми дерек бойынша, алданғандардың көбі, яғни 6200-ден астам тұрғын арзан бағада тауар ұсынғандардың құрығына іліккен.

Олар алаяқтарға жоқ тауар үшін алдын ала төлем жасаған. Ал 2000-ға жуық адам инвестиция салуға шақырғандардың арбауына түскен. Банк және құқық қорғау

органдары қызметкерлерінің атын жамылып қоңырау шағаландарға 4,5 мыңдай адам жеке деректерін ұсынып, алданған. Осындай деректерді азайту үшін қазір

операторлар шетел нөмірлерін «спам» деп қабылдап, бірден тоқтатауға кіріскен. Содан бері 63 миллионнан астам қоңырау бұғатталған.

Астана қаласы мәслихатының № 6 сайлау округі депутаттығына үміткер кандидаттарға үгіттеу баспа материалдарын орналастыруға белгіленген орындар туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 28-бабының 6-тармағына сәйкес Астана қаласы мәслихатының депутаттығына үміткер кандидаттарға үгіттеу баспа материалдарын орналастыруға белгіленген орындар туралы хабарлаймыз.

Астана қаласының әкімдігі

р/с №	Үгіттік баспа материалдарын орналастыруға арналған орындар
№ 6 округ	
1.	Шоқан Уәлиханов көшесі мен Абай даңғылының қиылысында, «Жаннұр» сауда үйі ғимаратының оң жағында
2.	Әл-Фараби даңғылы, № 28, «Астықжан» сауда үйі ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
3.	Алаш тас жолы мен Жолымбет көшесінің қиылысында, «Орталық базар» аялдмасы павильонының сол жағында
4.	Тайбұрыл көшесі, № 17, Астана қаласы әкімдігінің «№ 23 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында
5.	Қошке Кеменгерұлы көшесі, № 4, Астана қаласы әкімдігінің «№ 21 орта мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратына орталық кіреберістің оң жағында

Астана қаласы мәслихатының № 6 сайлау округі депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде берілетін орын-жайлар туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 28-бабының 4-тармағына сәйкес Астана қаласы мәслихатының № 6 сайлау округі депутаттығына үміткер кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде ұсынылатын үй-жайлардың мекен-жайларын хабарлаймыз.

Астана қаласының әкімдігі

Р/с №	Орын-жайлардың орналасқан жері
№ 6 округ	
1.	«Құрылыс-техникалық колледжі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны, Ақжол көшесі, № 53/3
2.	«Өндіріс» дене шынықтыру-сауықтыру кешені, Өндіріс көшесі, № 14а

Астана қаласы мәслихатының № 6 сайлау округі депутаттығына кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде берілетін орын-жайлар кестесі туралы хабарлама

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы 28-бабының 4-тармағына сәйкес Астана қаласы мәслихатының № 6 сайлау округі депутаттығына үміткер кандидаттарға сайлаушылармен кездесулер өткізу үшін шарттық негізде ұсынылатын үй-жайлардың мекен-жайларын хабарлаймыз.

Астана қаласының әкімдігі

Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясы

Өндіріс көшесі, № 14а (Дене шынықтыру-сауықтыру кешені)				Ақжол көшесі, № 53/3 (Құрылыс-техникалық колледжі)	
2024 жылғы 15 қараша (жұма)	15 қараша	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін		2024 жылғы 15 қараша (жұма)	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін
2024 жылғы 17 қараша (жексенбі)	17 қараша	сағат 10.00 ден 11.00-ге дейін		2024 жылғы 17 қараша (жексенбі)	сағат 14.00 ден 15.00-ге дейін
2024 жылғы 19 қараша (сейсенбі)	19 қараша	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін		2024 жылғы 19 қараша (сейсенбі)	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін
2024 жылғы 21 қараша (бейсенбі)	21 қараша	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін		2024 жылғы 21 қараша (бейсенбі)	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін
2024 жылғы 23 қараша (сенбі)	23 қараша	сағат 14.00 ден 15.00-ге дейін		2024 жылғы 23 қараша (сенбі)	сағат 10.00 ден 11.00-ге дейін
2024 жылғы 25 қараша (дүйсенбі)	25 қараша	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін		2024 жылғы 25 қараша (дүйсенбі)	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін
2024 жылғы 27 қараша (сәрсенбі)	27 қараша	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін		2024 жылғы 27 қараша (сәрсенбі)	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін
2024 жылғы 29 қараша (сәрсенбі)	29 қараша	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін		2024 жылғы 29 қараша (сәрсенбі)	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін
2024 жылғы 1 желтоқсан (жексенбі)	1 желтоқсан	сағат 14.00 ден 15.00-ге дейін		2024 жылғы 1 желтоқсан (жексенбі)	сағат 10.00 ден 11.00-ге дейін
2024 жылғы 3 желтоқсан (сейсенбі)	3 желтоқсан	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін		2024 жылғы 3 желтоқсан (сейсенбі)	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін
2024 жылғы 5 желтоқсан (сейсенбі)	5 желтоқсан	сағат 15.00 ден 16.00-ге дейін		2024 жылғы 5 желтоқсан (сейсенбі)	сағат 11.00 ден 12.00-ге дейін

Келісілді
Астана қаласы аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Б. Жұмабековпен
2024 жылғы «б» қараша

ЖАЗАНЫ ӨТЕУ ТӘРТІБІН БҰЗҒАН

Астана қаласы бойынша Қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің пробация қызметі жазаны өтеу тәртібін бұзған 200-ге жуық тұлғаны анықтады.

Іс-шара кезінде Астана қаласы бойынша аумақтық пробация қызметі мен полиция департаментінің жергілікті полиция қызметі бірлесе отырып, сотталғандардың ата-анасы мен басқа да тұлғалармен профилактикалық әңгіме-сұқбат жүргізді. Сондай-ақ есепте тұрған қоғамнан оқшаулаумен байланысты емес 2000 сотталған тұрғылықты жері бойынша тексерілді; сотталғандарға сот жүктеген міндеттерді орындамай, пробация қызметкерлерінің

рұқсатынсыз мекенжайын өзгерткен 100-ге жуық тұлға тұрғылықты мекенжайы бойынша ауыстырылды; 50-ден аса сотталғанның тіркеуі болмағаны анықталып, оларға қатысты ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 492-бабының 1-тармағы бойынша хаттама толтырылды; бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеу тәртібі мен шарттарын бұзу анықталды, яғни сот үкімі бойынша белгіленген сағат 22:00-ден кейін тұрақты мекенжайын

да болмау, тұрғылықты мекенжайынан пробация қызметін хабарламай көшкені үшін 50-ден астам сотталғанға ескерту жарияланды.

«Сол секілді 50-ге жуық сотталғанға қатысты бас бостандығынан шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстыру туралы мәселелерді шешу үшін сотқа жадығаттар жолданды» деді Астана қаласы Есіл аудандық пробация қызметінің бас­тығы әділет капитаны Ақжол Шардарбеков.

ЕСІРТКІ САТУШЫЛАРДЫ ҰСТАДЫ

ҚР ІІМ Ұлттық ұланының жауынгерлері бір күнде Астанада екі азаматты есірткімен ұстады, деп хабарлады Elordainfo.kz Ұлттық ұланның баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Бірінші жағдай Астана қаласының Аққұм көшесінде қызмет атқару кезінде болған. ҚР ІІМ Ұлттық ұла­ның 5573 елордалық бригадасының әскери қызметшілерінен құралған әскери жасақ бастығы кіші сержант Мықтыбек Құралбай патрульдік қатардағы жауынгерлер Эдик Мансұров және Қуат Сәбитбековпен бірге күдікті әрекет ете бастаған адамды байқаған.

«Біз іс-әрекет еткен азаматты яғни күдіктіні көргенде, байланыс арқылы әскери жасақ бойынша кезекші ефрейтор Жайнар Манатқа хабарладық. Оқиға орнына жедел-тергеу тобының қызметкерлерін шақыра отырып, тексеру кезінде азаматтан электрлік таспамен оралған байлам табылды және тәркіленді. Оның ішінде ерекше



иісі бар жасыл түсті есірткі заты болды» деді әскери жасақ бастығы кіші сержант Мықтыбек Құралбай.

Сол күні тағы бір әскери жасақ Қаратөбе көшесін патрульдеу кезінде жерден белгісіз нәрсені іздеп жүрген адамды байқаған. Одан кейін оны әскери жасақ бастығы Сұңғат Болатұлы мен патрульдік қатардағы жауынгерлер Арман

Қадырұлы және Ақылбек Семзаты ұстады. Полиция қызметкерлерінің жедел-тергеу тобы ұстау орнында түссіз пакетке жабысқақ таспамен оралған есірткі заттарын тапты.

Осы фактілер бойынша 296-баптың 2-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғалды. Ұсталған азаматтар одан әрі тексеру үшін полиция бөліміне жеткізілді.

ЫМ-ИШАРА ТІЛІНЕ ҮЙРЕТІЛДІ

«Балам-ай» мүгедек балаларды қолдау қайырымдылық қоры» қоғамдық қоры Астана қаласы Жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының қолдауымен 2024 жылдың сәуір айынан бастап «Ым-ишара – әлеуметтік инклюзияға жеткізетін көпір» мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде әлеуметтік маңызды жобаны іске асырды.

Жобаның мақсаты – Томатис-терапиясын өткізу және тіл дамуы мен психомоторлық дамуында тежеулері бар және назар тапшылығы мен гипербелсенділікке шалдыққан балаларды ым-ишара тіліне оқыту арқылы қарым-қатынастық дағдыларды дамыту және инклюзивті орта құру болып табылады. Жоба шеңберінде«ерекше» балалар мен олардың отбасылары-

ның проблемалары туралы қоғамның хабардар болуы артытырылды, психологтар мен педагогтарға, дефектологтар мен логопедтерге, тәрбиешілер мен әлеуметтік қызметкерлерге және мүгедек балалардың ата-аналарына арналған тренингтер өткізілді. Тренингтерді халықаралық деңгейдегі нейрорпсихолог Мартемьян Фортунатов жүргізді. Білікті маман ерекше балалармен жү-

мыс істейтін мамандар және ата-аналармен өз тәжірибесімен бөлісті. Мамандардың, балалар мен ата-аналардың бірлескен жұмысына ерекше назар бөлінді. Жоба қорытындысы бойынша 150 бала «Томатис-терапия» курсынан өтті, 20 бала ым-ишара тіліне үйретілді және 100-ден астам маман біліктілігін арттыру үшін тренингтерге қатысты. Барлық қызметтер тегін ұсынылды.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ТӘРТІБІН САҚТАМАУ ФАКТІЛЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына бақылауды жүзеге асыру органы ретінде, ағымдағы жылы мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібінің сақталуына мемлекеттік мекемелерге тексерулер жүргізу барысында бірқатар бұзушылықтар орын алғаны белгілі болды.

Атап айтқанда, «Е-лицензиялау» ақпараттық жүйесі арқылы жүргізілген байқау нәтижесінде, Астана қаласының Көлік және жол-көлік ин-

фрақұрылымын дамыту басқармасымен мемлекеттік қызметтерді нормативтік құқықтық актілерде көзделген қызмет көрсету тәртібін сақтамай көрсету фактілері анықталды.

Осылайша, ҚР Инвестициялар және даму министрлігінің 25.08.2015 ж. № 883 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік қызмет көрсету Қағидаларына сәйкес, көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі қызмет алушының құжаттарын түскен күні тіркелуі тиіс, алайда Басқармамен «Ауданаралық (қалааралық облысшілік), ау-

данишілік, қалалық (ауылдық) және қала маңындағы қатынастарда әлеуметтік маңызы бар қатынастар бойынша автомобильдік жолашушылар тасымалын жүзеге асырумен байланысты тасымалдаушылардың залалдарын субсидиялау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша келіп түскен өтініштер мен құжаттар заң талаптарын сақтамай бірнеше күндерден аса тіркелген.

Жалпы, жыл басынан Департаментпен басқа мемлекеттік органдарда бақылау іс-шараларын жүргізу

КӘСІПОРЫНДАРДЫ АРАЛАДЫ

Елордада 7-11-сынып оқушылары мен колледждердің 1-курс студенттері үшін кәсіби бағдар беру экскурсиялары өтіп жатыр. Іс-шараны Астана қаласының Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы, «Astana Invest» инвестицияларды дамыту орталығы, Астана қаласының даму орталығы және Білім басқармасы бірлесіп ұйымдастырды.

1 қазан күні басталған экскурсиялар 6 желтоқсанға дейін жалғасады. Қазіргі уақытта 5 мыңнан астам оқушы мен студент астанадағы кәсіпорындар мен оқу орындарын аралап үлгерді, ал жыл соңына дейін 11 мыңнан астам баланы экскурсияларға қатыстыру жоспарланып отыр. №23 орта мектептің 7-9-сынып оқушылары «Ютария» тігін фабрикасына экскурсияға барды. Бұл фабрика «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағында орналасқан. Экскурсия барысында оқушылар заманауи тігін өндірісінің технологияларымен танысып, жұмыс процесі туралы толық ақпарат алды, қызметкерлерге қызықтырған сұрақтарды қойды.



ЖАС МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Мусин «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы аясында студенттермен жүздесті.



Индира
БЕРЖАНОВА

Басты мақсат – білімді жастардың дағдысын дамыту, мемлекеттік қызметтің ерекшелігі бойынша кәсіби бағыт-бағдар бере отырып, оларды мемлекеттік қызметке тарту. Іс-шараға университет басшылығының атынан академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры Байжұман Қашқынбай қатысты.

Сұрақ-жауап форматында өткен кездесу барысында Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаментінің басшысы Мақсат Мусин мемлекеттік қызметтің маңызын, жастарға мемлекет тарапынан беріліп жатқан мүмкіндіктер жайлы және жастардың қоғамдағы ролін айтып, өзінің мемлекеттік қызметті атқару кезінде орын алған қызықты оқиғаларымен бөлісті. Сондай-ақ спикер өз сөзін-

де мемлекеттік қызметте жастардың орны ерекше екенін айтып, болашақ мамандарға қажет кеңестерімен бөлісті.

– «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы – бітіруші түлектерге мансаптық жолын құрудағы алғашқы қадам. Жоба аясында студент өзінің құзыретін дамыта отыра, мемлекеттік қызметтің жай-күйімен танысады. Өз бағыты бойынша мемлекеттік органдарда өндірістік тәжірибеден өтеді. Жоба соңында арнайы сертификатпен марапатталады. Биік мақсатқа ұмтылған, еңбекқор, креативті жас буын – қашанда елдің арқасүйер тірегі. Ең бастысы, біз жастарымыздың бойындағы тасыған күш-жігер мен білімді ел мүддесіне қызмет етуге бағыттасақ деген ниет-теміз, – деді М.Мусин.

Сонымен қатар кездесу барысында түлектерге мемлекеттік қызметке іріктеудің жаңа жүйесі, конкурссыз

тағайындау туралы ақпарат беріліп, қызықтырған сұрақтарына тиісті жауап берілді.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Астана қаласы бойынша департаменті бастамасымен елордада мемлекеттік секторға таланттар пұлын іздеу және қалыптастыру мақсатында «Жас мемлекеттік қызметшілер мектебі» жобасы іске асып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – жоғары оқу орындарының түлектерін, жас таланттарды мемлекеттік қызметке тарту, оларға мемлекеттік қызметтің тартымдылығын көрсету және жастарға мемлекет тарапынан берілген мүмкіндіктерді таныстыру. Аталмыш жобаның негізгі кезеңдері өтініш беру, белгіленген тақырыпта әссе жазу, мемлекеттік органдарда тәжірибеден өту, ҚР Президенті жанындағы басқару академиясында оқыту және мемлекеттік қызметшілерден дәріс алуға бағытталады.

СЕМИНАР-ТРЕНИНГТІҢ БЕРЕРІ КӨП

Жуырда елордадағы №106 орта мектепте «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығының ұйымдастыруымен оқу ордасының ұстаздарына арналған «Біртұтас команда – жайлы мектеп» тақырыбында тренинг-семинар өтті.



Офлайн, онлайн форматында өткен семинарға елордадағы барлық «Жайлы мектептердің» басшылары мен педагогтары қатысты. Модера-

торы – «Өрлеу» ұлттық біліктілікті арттыру орталығы.

«Жайлы мектептердің» педагогикалық ұжымына ұйымшылдықты,

бір-біріне деген сенімділікті және оқу үдерісінің сапасын арттыру үшін топ құру қағидадарын енгізу мақсатын көздеген жиында топ құру және цифрлық сауаттылық бойынша педагогтардың кәсіби дағдысын дамыту секілді өзекті тақырыптарды қамтыды. Ұстаздарымыз мамандар дайындаған түрлі тренинг-ойын мен жаттығу, тапсырма орындау арқылы ұжым болып, біріге жұмыс жасау, нәтижеге бірге жету жолын меңгерді. Семинар-тренингтің екінші күнінде «Цифрлық сауаттылық» бойынша тренинг-сабақ ұйымдастырылды. Мұндай семинар-тренингтің берері көп, себебі ұстаздар жиыннан барынша пайдалы мағлұмат алып, оқушыны жан-жақты дамытып, білімді толық игеруіне көмектеседі.

Гүлсан ЖАМАНҚАРАЕВА,
Астана қаласындағы
№106 орта мектеп директоры

Астанадағы «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығын-да елорда әкімдігі Дін істері жөніндегі басқармасының Діндерді зерттеу орталығы «Ашық алаң» көпшілікке арналған ақпараттық-түсіндіру акциясын ұйымдастырды.

ДІНИ САУАТТЫЛЫҚТЫ АРТТЫРУ ЖОЛЫ

Аталған іс-шара Қазақстан Республикасының 2021-2025 жылдарға арналған ұлттық қауіпсіздік стратегиясын, сондай-ақ экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимылдың 2023-2025 жылдарға арналған мемлекеттік жүйесін дамытудың кешенді жоспарын орындау аясында өтті.

Астана қаласы әкімдігі Дін істері жөніндегі басқармасының Діндерді зерттеу орталығының бөлім басшысы Нұрсұлтан Жаншыннің айтуынша, діни ағымдардың алдын алу – қоғамдағы тұрақтылықты сақтау және жастарды түрлі діни экстремизм мен радикализмнен қорғау үшін маңызды қадам.

– Бұл акция осымен үшінші рет ұйымдастырылып отыр. Бұған дейін бұл жобамыз «Аружан» сауда үйінде, «Астаналық базар» аумағында өтіп,

көпшіліктің ықыласына бөленген болатын. Енді «Хан Шатыр» сауда орталығында өткізіп жатырмыз. Негізгі мақсат – салт-дәстүр, ұлттық құндылықтар, ел тарихы мен дін мәселелеріне қатысты викториналық сауалдар ұйымдастыру арқылы жас ұрпақтың патриоттық сезімін оятау. Бұдан бөлек, діни ағымдардан сақтану, олардың белгілері туралы бейнероликтер күні бойы көрсетілді. Сондай-ақ волонтерлермен бірлесе отырып, 3 мыңға жуық елордалыққа дін саласына қатысты арнайы ақпараттық буклеттерді үлестірдік. Осы іс-шараға белсенді атсалысқан волонтерлерді марапаттаймыз, – деді бөлім басшысы.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, аталған акция келесі жылы да жалғасын таппақ.

ЕЛОРДА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫ СЕГІЗІНШІ САЙЛАНЫМЫ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

2024 жылғы 13 қараша сағат 10:00-де қалалық мәслихаттың мәжіліс залында Астана қаласы мәслихатының сегізінші сайланымының кезектен тыс сессиясы шақырылады.

Сессияның қарауына келесі мәселелер енгізіледі:

1. Астана қаласы әкімінің елорданың әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі есебі туралы.

2. «Астана қаласында аппараттық-бағдарламалық фотобейнетіркеу және бейнегалдау кешенін құру және пайдалану» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттемелер қабылдау туралы» Астана қаласы мәслихатының 2017 жылғы 20 шілдедегі №171/21-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

3. Жер учаскелерін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты жер учаскелерін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару туралы шарттарының жобаларын келісу туралы.

4. Астана қаласы әкімдігінің жанынан тұрғын үй қорын реновациялау жобасын іске асыру жөніндегі комиссиясының құрамы туралы.

5. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы тұрғын үй комиссиясының құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 14 желтоқсандағы 2023 жылғы №120/15-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

6. «Астана қаласы әкімдігінің жанындағы ипотекалық тұрғын үй қарызын (ипотекалық қарызды) қайта қаржыландырудан бас тартылған қарыз алушылардың шағымдарын қарау жөніндегі комиссиясының құрамы туралы» Астана қаласы мәслихатының 14 желтоқсандағы 2023 жылғы №121/15-VIII шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

Анықтама телефондары: 55-66-35, 55-66-36.

А.СМАҒҰЛОВ,
Астана қаласы мәслихаты
төрағасының м. а.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетінің Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті әдеп жөніндегі уәкілінің рөлі

Қазіргі уақытта барлық мемлекеттік органда әдеп жөніндегі уәкілдер тағайындалды, олар қызметтік әдеп нормаларының сақталуын және Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнаманы және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексін бұзушылықтардың профилактикасын қамтамасыз ету бойынша өз қызметін жүзеге асырады, сондай-ақ өз функциялары шегінде мемлекеттік қызметшілер мен азаматтарға кеңес береді.

Әдеп жөніндегі уәкіл өз қызметінде ҚР нормативтік актілерін, атап айтқанда, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Әдеп кодексін, сондай-ақ Президенттің 29.12.2015 ж. Жарлығымен бекітілген әдеп жөніндегі уәкіл туралы ережені басшылыққа алады.

Астана қаласы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаментінің (бұдан әрі – департамент) мемлекеттік қызметшілері азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін (өтініштерін, шағымдарын) қарайды және оларға жауап береді, ҚР заңнамалық актілерінде белгіленген құзыреттер шегінде мемлекеттік аудит объектілерін тексереді, бұл ретте мемлекеттік қызметшінің кәсібилігі, келбеті мен әдеп нормалары маңызды рөл атқарады.

Осыған байланысты әдеп жөніндегі уәкіл семинарлар, дөңгелек үстелдер, дәрістер сияқты түрлі іс-шара өткізеді, мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті орган өткізетін іс-шараларға қатысады, мақалалар мен жарияланымдар интернет бет-

терінде жарияланады және орналасады, азаматтар мен заңды тұлғаларды қабылдауды жүзеге асырады, қызметкерлерге мониторингтер, сауалнамалар және т. б. өткізеді.

2024 жылдың өткен кезеңінде әдеп жөніндегі уәкіл департамент қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамасының және мемлекеттік қызметшілердің Әдеп кодексінің талаптарын сақтау мәселелері бойынша 10-нан астам отырыс өткізіп, 18-ден астам жеке консультациялық көмек көрсетті.

Сонымен қатар департамент қызметкерлері қызметтік этика нормаларының сақталуын және моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингілеу бойынша анонимді сауалнамаға қатысты. Бұл бағыттағы жұмыс жалғасады.

Мемлекеттік қызметшінің әдеп мәселелері бойынша мына мекенжайға хабарласуға болады: Астана қ., М.Әуезов к-сі, 14-ғимарат, 1-кабинет, телефон: 32-17-01.

Ерқанат АХМЕТОВ,
әдеп жөніндегі уәкіл департаменті



Райхан
РАХМЕТОВА

БАЙҚОҢЫРДЫҢ БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Талғат Рахманбердінің айтуынша, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында аудан әкімдігіне жыл басынан бері 20 мыңнан астам өтініш келіп түскен. Жеке қабылдаулар мен кездесулерде 858 сұрақ қойылған. Бүгінде барлық өтініштер бойынша жұмыстар пысықталып жатыр. Бұл өтініштерде тұрғындар, негізінен, абаттандыру, көгалдандыру және жол инфрақұрылымы мен тұрғын үй мәселелерін көтерген. Өтініштерді талдау бойынша іс-қимыл жоспары әзірленді. Одан бөлек ауданда тазалықты сақтау үшін 28 арнайы техника сатып алынған. Жыл соңына дейін тағы 31 техника алынып, арнайы техника паркі 20 пайызға жаңартылмақ.

– Көлік инфрақұрылымын дамытудың негізгі аспектілерінің бірі – қоғамдық көліктің қалыптасу жұмыс істеуі және аялдамалар кешенінің жеткілікті болуы. Қазір Байқоңыр ауданында 49 жылы аялдама бар. Биыл жаңадан 13 жылы павильон қойылды, оның үшеуі жеке инвесторлар есебінен А.Бараев, А.Кравцов және Ш.Уәлиханов көшелері бойына орнатылды. Жыл соңына дейін Бөгенбай батыр және Алаш тас жолы бойына тағы екі аялдама кешені қойылады, – деді аудан әкімі.

Ауданда қоғамдық көліктер қатары артып келеді. Жыл басынан бері мұнда 73 автобус жаңартылды. Жақында тағы да жаңа автобустар жеткізіледі, соған байланысты маршруттық кестеге өзгертулер енгізіліп, жолаушылар тасымалы жақсара түспек. Әкім сонымен қатар 24 учаскеде жарықтандыру мәселесі шешілгенін жеткізді. Көшелер мен саябақтарда 397 жаңа жарықтандыру тіректері мен 559 шамдар орнатылып, 357 шам және 63 жарықтандыру тірегі ауыстырылған.

Аудандағы өткір тақырыптардың бірі – «Өндіріс» тұрғын алабындағы электрмен жабдықтаудың авариялық желілері

Астананың төртінші әкімшілік ауданы ретінде 2018 жылы құрылған Байқоңыр ауданында 233 мыңнан астам адам тұрады. Аталған ауданның елорданы «Шет аймақсыз қала» жобасы аясында дамыту жұмыстарын жалғастыру және қала инфрақұрылымын жақсарту, бизнесті дамыту үшін қолайлы жағдай жасауда атқаратын айрықша миссиясы бар. Бейсенбіде Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек елордадағы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназияда осы аудан тұрғындарымен кездесті. Жиында ең алдымен аудан әкімі Талғат Рахманберді халыққа атқарылған жұмыстар бойынша есеп берді.



АБАТТАНДЫРЫЛҒАН АУЛАЛАР МЕН КЕҢІСТІКТЕР

Биыл ауданда 132 аулада жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл осындағы жалпы аулалардың 60 пайызын құрайды. Атап айтқанда, 60 аулада кешенді абаттандыру жұмыстары жүргізілсе, 72 аулада күрделі жөндеу жұмыстары жасалған. Қала тұрғындарының жайлы

демалысы үшін 13 қоғамдық кеңістік ашылды. Оның 8-і бос балшықты жерге жаңадан жайластырылды, 5-і қайтадан кешенді түрде абаттандырылды. Аулалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру аясында 100 мың м² асфальт және 50 мың м² брусчатка төселген. Тұрғындардың пікірін ескере отырып, абаттандырудың жаңа және заманауи элементтері қойылған. 19 жаңа футбол алаңы, 38 жаттығу аймағы, 211 көше тренажерлері, 53 велотұрақ, 450 көлікке арналған 13 автотұрақ пайда болған.

– «Халық қатысатын бюджет» жобасы бойынша 22 жоба іске асырылды. Осы жылы жаяу жүргіншілерге арналған көпір асты кеңістіктерін жайластыру жұмыстары толығымен аяқталды. Соның арқасында жағалау бойымен өту қауіпсіз және ыңғайлы болды. «Жастар» сарайы маңындағы субұрқақтар толық жөндеуден өтті. Әкімдік су басқан учаскелер мәселесін шешуді жалғастыруда. Олардың 19-ы ретке келтірілген, қалған 18-і бойынша жұмыстар келесі жылға жоспарланған, – деді аудан әкімі.

Ауданды дамытудың ажырамас бөлігі – жол инфрақұрылымының сапасы. Биыл осы ретте жалпы ұзындығы 8,2 шақырым

“

«Астана қаласының тұрғын үй қорын 2023-2029 жылдарға қайта жаңарту» бюджеттік жобасын іске асыру шеңберінде 104 апатты үй бұзылуы керек. Жыл соңына дейін 9 үйді сүру жоспарлануда. Келесі жылы 3 көп-пәтерлі үй сүріледі. Мемлекет мұқтажы үшін биыл 52 үй сүрілді. Ал 6 үйде қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. 2025 жылы жоспар бойынша 3 үй жөнделеді. Қазір жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп жатыр. Кездесудегі аудан тұрғынының сөзіне қарағанда, Республика мен Бөгенбай батыр даңғылы қиылысында орналасқан «Фаворит» тұрғын үй кешені жанындағы С.Жүнісов көшесінде орналасқан 10 үйді сүруге қатысты мәселе әлі шешілмеген.

– Бұл мәселе бойынша кеше мен бірнеше компания өкілдерімен кездестім. Енді олар аталған кешен тұрғындарымен келіссөз жүргізуде. Сүрілетін үйлердің бағасы биыл қымбаттағаны белгілі. Дегенмен тиісті компаниялар сатып алу жұмыстарымен айналысуда. Енді бұл мәселе келесі жылы толығымен шешіледі, – деді Жеңіс Қасымбек жауапты компания өкіліне аталған мәселені тез арада шешуге тапсырма берді.

Сонымен қатар иттер питомнигін қала шетіне шығару мәселесі де сөз болды. Мамандардың айтуынша, питомникті ұстауға 76 млн теңге жұмсалған. Аталған питомникте бүгінде 3 мыңнан астам ит бар. Қаңғыбас иттердің қала тұрғындарына қауіп төндірмеуі үшін оларды аулап, питомниктерге апарады.

СПОРТ НЫСАНДАРЫ КӨБЕЙДІ

Кездесу барысында тұрғындар Астанадағы «Қазақстан» спорт сарайының құрылысы қашан аяқталатынын сұрады.

– Бұл жоба 5 жыл бұрын басталды, сәтсіз модель таңдалды деп ойлаймын. Өткен жылы сот тәртібімен мемлекет пен жеке серіктес арасындағы мемлекеттік-жекешелік әріптестік келісімшартын бұзып, аталған объектіні қайтардық. Қазір бұл объектінің құрылысын келесі жылы аяқтайтын компания анықталып жатыр. Алдағы 1,5 жылдың жоба құрылысын аяқтау міндетін қойып отырмын, – деп жауап берді тұрғын сауалына Жеңіс Қасымбек кездесу барысында. Әкімнің айтуынша, заманауи спорт сарайында мұз айдыны, бассейн тағы сол сияқты спорттық секциялар болады. Алда елордада екі спорттық объект қайта салынып, пайдалануға беріледі. Сонымен қатар ол келер жылы көктемде Сарыарқа



ауданында орналасқан футбол стадионының құрылысы қайта жандандырылатынын жеткізді. Кездесуде аудан тұрғындары жеке секторды газбен қамтамасыз ету мәселесін де көтеріп, газ жүргізу қажет телімдерді атады. Жеңіс Қасымбек бұл мәселе келесі жылы шешілетінін айтты.

– Байқоңыр ауданындағы тұрғын алаптарды газбен қамтамасыз ету жұмыстарын жылдамдатуға тырысып жатырмыз. Биыл елорданың өзге тұрғын алаптары, яғни «Үркер», «Тельман», «Ильинка» газбен қамтамасыз етілді. Келесі жылы «Шұбар» тұрғын алабы да қамтылады. Сонымен қатар алдағы жылы Байқоңыр ауданындағы басты тұрғын алаптарда жобалық құжаттама жұмысын аяқтауды жоспарлап отырмыз, – деді елорда әкімі.


ӘКІМГЕ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

«Астана» тұрғын үй кешенінде тұратын азамат алдымен тұрғын алапта жылу мәселесі шешілгенін айтып, қала әкіміне алғысын білдірді. «Бұған дейін мен сіздің кездесуде екі рет болдым. Рахмет, жақсы нәтиже бар. Сіздің ықпалыңыздың арқасында үш жыл бұрын жылу берілді. Қазір газ құбырлары орнатылған. Бірақ электр желісі әлі күнге дейін уақытша желімен тұр. Сонымен қатар «Астана су арнасы» былтырдан бері біздің үйі балансқа алмады. Құрылыс салушы да оған асығып жатқан жоқ. Қыста су құбыры мен кәріз желісінде мәселе туындаса, тұрғындар зардап шегейін деп тұр» деп елорда тұрғыны тілегін білдірді. Қала әкімі бұл мәселе жақын арада шешілетінін айтты. «Өзім бақылауға аламын және бір апта ішінде орынбасарларым сіздермен кездеседі» деді Жеңіс Қасымбек.

Жаңа бас жоспарға сәйкес 2035 жылға дейін Байқоңыр ауданының аумағында ірі қайта құру бағдарламасы іске асырылатын болады. Жыл басынан бері ауданда аптаның әр сәрсенбісі сайын «Кәсіпкерлер күні» өткізіледі. Бүгінге дейін 50-ден астам кәсіпкер түрлі проблемалық мәселелермен жүгінген. Олардың 35-і оң шешімін тапты. Кездесуде бизнес субъектілері өкілдерінің түрлі сұрақтары мен ұсыныстары көтерілді.

2025 ЖЫЛҒА ЖОСПАР ҚАНДАЙ?

Алдағы жылы 82 аула аумағын жөндеу көзделуде, осылайша ауданның барлық 249 ауласы толық



“
Биыл ауданда 132 аулада жөндеу жұмыстары жүргізілген. Қала тұрғындарының жайлы демалысы үшін 13 қоғамдық кеңістік ашылды. Оның 8-і бос балшықты жерге жаңадан жайластырылды, 5-і қайтадан кешенді түрде абаттандырылды. Ауалар мен қоғамдық кеңістіктерді абаттандыру аясында 100 мың м² асфальт және 50 мың м² брусчатка төселген

абаттандырылып, жаңартылады. Ауалардағы қалған 18 учаскедегі су басу мәселелері шешіліп, серуендеуге және демалуға арналған 6 жаңа қоғамдық кеңістік құрылады. Абаттандырудың жалпы ауданы 4,5 гектарды құрайды, ұзындығы – 7,5 км. 220 контейнер алаңы жаңартылады. Жалпы ұзындығы 29 км суару жүйесінің 7 учаскесінде қондырғы орнату және 12 гектар ауданда жабынды төсеу көзделуде. – 1500 ағаш, 31 мың бұта және 6000 км²-ден астам гүл бақшасын отырғызамыз. Санитарлық қамтамасыз ету жағын жақсарту мақсатында мердігерлік ұйымдардың техникасын 20%-ға жаңарту жоспарлануда. 2025 жылға арналған жоспарда орташа жөндеуді 3 есеге ұлғайтуды ойластырып отырмыз, яғни жалпы ұзындығы 26 км болатын 18 көшені қамтимыз. 6 учаскеде жаңа бағдаршам нысандары пайда болады. Тағы 13 жылы аялдама орнатамыз, – деді аудан әкімі.

Цифрландыруды басқару желісі бойынша ауданның 78 нүктесінде 400 бейнебақылау камерасын орнату жоспарланып отыр. ЭЧ-8 мекемесі желілерінде электрмен жабдықтауды жақсарту шеңберінде күрделі жөндеу жүргізіледі. «Өндіріс» тұрғын алабының барлық электр желілерінің 40%-ы жөндеумен қамтылады. Қаржыландыру бөлінген кезде «Өндіріс», «Кирпичный» және «Қазқалашық» тұрғын алаптарында алаңшilik газ желілерінің құрылысы басталады. Балалар үшін «Егемен Қазақстан» көшесінде 2000 орындық жаңа жайлы мектеп салынады, бұл көршілес №87 және №16 мектептерге түскен жүктемені азайтуға мүмкіндік береді.

4,5 сағатқа созылған кездесуде аудан халқы көптеген өзекті мәселелерін сұрақ етіп қойды. Соның ішінде тұрғын үйлерді жөндеу, құрылыс компанияларының проблемалық нысандары, заңсыз құрылыстардың артуы, газдандыру, жол және денсаулық нысандарын салу, көпбалалы және мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар жайы, экологиялық өтемақы төлеу, ақылы автотұрақтардың көбеюі, қатты жел кезінде биік үйлердің үстінен заттардың құлауы, көшелерді жарықтандыру және өзге де жекелеген тақырыптар бойынша мәселелер көтеріліп, оған әкімдер мен басқарма басшылары тиісті жауаптарын берді. Жалпы халықтың мұндай есеп беру жиындарының ашық және жиі өткеніне көңілі толатыны, дегенмен кейбір түйінді мәселелердің шешімі созылып кететініне реніш білдіретіні байқалды.

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫ ҚАЛАЙ ДАМИДЫ?

Астанада алдағы үш жылда мәдениет саласы қалай дамиды? Бұл туралы Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов өзінің әлеуметтік желідегі парақшасында жазды, деп хабарлады Elordainfo.kz.



«Алдағы үш жылда елордада мәдениет саласын дамытуға бағытталған кешенді жоспардың 59 бағытын іске асыру жоспарланып отыр. Оның ішінде мәдениет қызметкерлеріне арналған 200 пәтерлік шағын отбасылық тұрғын үйдің құрылысы, Қуыршақ театрына арналған 300 орындық үлкен және 150 орындық кіші залдардың құрылысы кіреді. «Наз» театрының қаланың орталығына көшірілуі, бірқатар музейлерге, театрларға, кешендерге және ескерткіштерге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі» деп жазды мәслихат төрағасы.

Сонымен қатар мәдениет нысандарына арнайы автокөліктер мен жабдықтар сатып алу көзделген. «Сондай-ақ кітапханалар жүйесін жаңғырту бойынша табысты басталған жұмыс жалғасын тауып, мәдениет нысандарына арнайы автокөліктер мен жабдықтар сатып алу, саладағы кадрлық әлеуетті дамыту шаралары көзделген. Құжаттың әрбір тармағының орындалуына жауапты ретінде елорда әкімдігі басқармаларының бірінші басшылары мен Астана қаласы мәслихатының депутаттары бекітілді» деді Ерлан Каналимов.

ТӘУЛІК БОЙЫ ЖҰМЫС ІСТЕУДЕ

Астанада ауа райы құбылып тұр. Апта бойы қар жауып, қатты жел мен бұрқасын жалғасуда. Қазіргі уақытта қаланың коммуналдық қызметтері ауысымдық режимде тәулік бойы күшейтілген тәртіпте жұмыс істеп жатыр.



Қарашада түскен қар қалың болмаса да, жұртты едәуір әбiгерге түсiрдi. Осыған орай жаяу жүргiншiлер мен көлiктердiң жүргiсiн баяулатпау үшiн қар тазалау үздiксiз жүргiзiлуде. Бұл ретте орталық көшелер мен жолдарды дер кезiнде тазартып, көлiк қозғалысын қамтамасыз ету үшiн арнайы техникалар жұмылдырылды. Түнгi ауысымға қала көшелерiн қардан тазартуға 200-ге жуық жол жұмысшы мен 300-ден астам арнайы техника шықты. Олар ең алдымен, ережеге сәйкес, жолдарда кептелiс болмас үшiн қозғалысы қарқынды орталық көшелердi тазартты. Сондай-ақ қаланың басқа көшелерi, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтiк нысандарға өтетiн жолдар және т.б. қардан тазартылды.

Қалада бiрнеше жабдықталған қар полигоны бар. Олар самосвал техникасының нөмiрлiк белгiлерiн оқу жүйесiмен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылып, жарықтандыру қосылған.

«Қазгидромет» РМК деректерi бойынша, алдағы күндерi Астанада көшпелi бұлт, қар, боран болады. Оңтүстiк-батыстан соққан желдiң жылдамдығы – 9-14 м/с, екпiнi – 15-20 м/с.

Қар тазалауда елорданың аудандары да атсалысуда. Мәселен, Сарыарқа ау-

данының аумағында қар шығару және санитарлық тазартуға 625 жұмысшы мен 184 арнайы техника жұмылдырылды. Сондай-ақ қар тазалау жұмыстарына шағын және орта бизнес өкiлдерi, бiлiм беру, медициналық және мәдени мекемелер, МИБ/ПИК өкiлдерi қатысып, 400-ден астам адам әлеуметтiк нысандардың аумағын жинауға атсалысты. Сонымен қатар, жолдарды көктайғаққа қарсы реагенттермен өңдеу жұмыстары жүргiзiлуде.

Аудан әкiмiнiң аппараты дәстүр бойынша биыл да тұрғындардың ыңғайлылығы мен қар тазалау жұмыстарының тиiмдiлiгiн арттыру мақсатында, арнайы қар тазалау кестесiн ұсынып отыр. Осы кестеге сәйкес, тұрғындар коммуналдық қызметкерлер мен арнайы техниканың қозғалысын қамтамасыз ету үшiн автокөлiктерiн уақытша басқа орынға қоюға мүмкiндiк алады.

Кестеде жауапты мамандар мен мердi-герлердiң байланыс нөмiрлерi көрсетiлген. Тұрғындар көмек қажет болған жағдайда аудандық аппараттың мамандарына тiкелей хабарласа алады. Толық кестенi @saryarqa.audanu парақшасынан көре аласыз. Сонымен қатар, әрбiр ауланың өзiнде қар тазалау кестесi iлiнген.

Индира БЕРЖАНОВА

«Мұғалім болу – жүрек жылуын, мейірім шуағын, адамгершілік қасиетін оқушы бойына дарыту. Мұғалім мәртебесі – шәкіртке ата-анасындай болып тәрбие беру. Олармен бірге қуана білу, уақыт арнау» деген Баян Даутбайқызының бұл пікірі – нағыз ұстаздың жүректен шыққан, қанша жылдық тәжірибесінен түйген ойы.

«Мен Тараз қаласының 10 шағын ауданында №49 мектепті аяқтадым. Мұхаммед Хайдар Дулати атындағы Тараз мемлекеттік университетінде 1999 жылы жаратылыстану ғылымдары факультеті ашылып, оқу ордасын алғашқылардың бірі болып тәмамдадым. 2003 жылы жас маман ретінде конкурстық іріктеуден сәтті өтіп, міне, сол уақыттан бері елорданың білім беру саласында қызмет етіп келемін. Әлемді тану арқылы оқушылармен біріге жұмыс істеу менің арманымның бірі десем болады. Астананың бірқатар мектебінде қызмет атқарып, 2016 жылдан бері Сұлтанбек Қожанов

ШӘКІРТ ШЫРАҒЫ

Ұлт тәрбиелеу атты үлкен жауапкершілік жүктелген ұстаздық қызмет қашанда құрметке лайық. Ал соның ішінде үздігі болу – тұтас өмірін ұстаздыққа арнаған жандардың еселі еңбегі. Педагог мәртебесі ардақталып, жақында елорданың 5 бірдей ұстазы республикалық «Үздік педагог-2024» байқауының жеңімпазы атанған еді. Солардың қатарында Астананың Сұлтанбек Қожанов атындағы №64 мектеп-лицейінің география пәні мұғалімі, 20 жылдан астам уақытын білім беру саласына арнаған білікті педагог Баян Даутбайқызы бар.

атындағы №64 мектеп-лицейінде география пәнінен сабақ беремін. Отбасымда үлкен әпкем, өзім, сіңлім де – педагогпыз» дейді ұстаз.

Баян Даутбайқызы – 5 баланы тәрбиелеп отырған көпбалалы ана. «Мектептегі оқушыларым – менің де балаларым» деген ұстаз өз ұстанымын оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу, дарынды балаларды шыңдап отырумен байланыстырады. Әсіресе оқушыларды ғылыми жобаға дайындауды мақсат ететін педагогтың шәкірттері жылда республикалық деңгейдегі байқаулардың үздіктері қатарынан

табылады. Оқушылар жақсы көрсеткіш көрсетіп, соңғы екі жылда республикалық деңгейде ғылыми жоба қорғаудан жүлделі орындармен оралатынын ұстаз мақтанышпен бөлісті. Педагогтың сөзінше, ғылыми жоба қорғау баланың сенімін арттыруға, жауапкершіл болуға, ойын еркін жеткізуге, қоғамдық ортамен қарым-қатынасын нығайтуға талпындырады.

«Мектебімізде «Жасыл аймақ» жобасы бар. 2022-2023 оқу жылы Жетісу жерінен мақта әкеліп ектік. Мақтаны өсіріп, жерсіндірдік, кейін ол әдемі гүлдеп,

процестің барлығын балалармен бірге тамашалаған едік. Ендігі бір жоба осма өсімдігін өсірумен байланысты. Бұл – қанша пайдасы бар болғанмен, ұмытылып бара жатқан өсімдіктің бірі. Соны оқушылар етене танысын деген мақсатта жобаны қолға алдық. Оқушылардың география пәніне қызығушылығы айрықша. Әсіресе болашақ мамандығын анықтауда географияны таңдап жатқан оқушыларымыздың саны көп» деді Б.Даутбайқызы.

Білікті мұғалім бар білімін бүгін алдында партада отырған, ертең ұлттың болашағына айналатын оқушылардың бойына сіңіріп жатыр. Ізденістен жалықпайтын ұстаздың 7-11-сынып оқушыларына арналған «Географиялық номенклатуралар» атты авторлық оқу-әдістемелік құралы бар. Мұнда барлық мемлекеттердің географиялық орны, астанасы, гидросферасы, басқару формасы секілді бірқатар бағыт бойынша талданған ақпарат беріледі. Осы арқылы кез келген балаға әлемді таныстыруды мақсат еткен.

«Мен сабақты еркін түрде өткізуге тырысамын. Себебі оқушылар арасында жақсы жазғанмен, аудитория алдында сөйлеуден қорқатын балалар болады. Мұндайда топтарға бөліп, бар назарды



баланың ойын ашық жеткізуге бағыттаймын. Сабақты өмірдегі мысалдармен байланыстырып үйрету өте тиімді. Білімді өмірмен ұштастырмай берсек, балаға ол қонымсыз болады. Сол секілді бақылау кезінде балаларға белгілі бір тақырып бойынша «өз ұсынысыңызды айтыңыз» немесе «өзіңіз қандай шешу жолдарын ұсынасыз?» деген сынды сұрақтар қойылады. Сонда балалардың зейінін ашып, ойын анық әрі нақты жеткізуде еркіндік берген дұрыс деп санаймын. Елімізде «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында географияны ұлттық құндылықтармен ұштастырып үйретемін. Балаларды топқа бөлгенде, көбіне «жебе» әдісін пайдаланамын. Желдей ескен жебе діттеген жеріне жететіні секілді оқу процесінде балаларға аңсаған армандарына қол жеткізуге болатынын, сонымен бірге жебенің мән-мағынасын қоса түсіндіремін» деді Б.Даутбайқызы.

Озық шәкірттерді тәрбиелеп, «Үздік педагог» атанған маман ұстаз бақытына жеттім деуге

әлі де қанша еңбектену керек екенін айтады.

«Қазіргі таңда ұстаз есімі ардақталып, тартымдылығы арта түскені сөзсіз. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бастамасымен «Педагог мәртебесі туралы» заң еніп, педагог еңбегі жақсы дәріптеліп келеді. Ал педагогтар арасында өтетін байқауларға қаншама жылдық тәжірибе керек. Авторлық жобаның болуы, волонтерлік жұмысқа қатысу сияқты кезеңдерді қамтитын байқауға жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар білікті ұстаздар қатысты. «Үздік педагог» атағын алғанмен, оның салмағы да бар. Ұстаздықтан шаршамау керек. Цифрлы технологиялар қарыштап дамыған заманда дарынды балалар өте көп. Біздің басты миссиямыз – олардың талантын ашуға септесу, шамшырағы болу. Қоғамдағы әртүрлі өзгерістерге бейімделе отырып, ұлт көшбасшысын дайындауды негізгі міндетім деп білемін. Мамандығым – өмірімнің мәні мен мазмұны» деді Б.Даутбайқызы.

БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – ҰДАЙЫ БАҚЫЛАУДА

Астана қаласы коммуникациялар қызметі алаңында балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарылып жатқан жұмыстар туралы баспасөз мәслихаты өтті. Оған қатысқан қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбаев аталмыш жұмыстарға тоқталып, оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, суицидтік мінез-құлық пен буллингтің алдын алу үшін қолға алынған шаралармен таныстырды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

– Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету – қала басшылығының және білім жүйесінің, мемлекеттік органдарының басты назарындағы мәселе. Бүгінде елордадағы балалар саны 391020 баланы құрайды. Қазіргі таңда астанада 188 мектеп жұмыс істейді. Онда барлығы 286 мың бала оқиды. Атап айтқанда, 110 мемлекеттік мектепте – 234697 бала, 72 жеке мектепте – 44696 бала, 7 республикалық мектепте – 16 бала. Бұған қоса, 36360 студент оқитын 32 колледж бар. 13 қосымша білім беру ұйымы және 16 арнайы білім беру ұйымы жұмыс істейді. Балалардың құқығын қорғау мәселесінде біздің тарапымыздан тиімді шаралар қабылданып, басым бағыттар анықталды, – деді Серік Әділбай.

Оның айтуынша, бүгінгі таңда қаланың барлық білім беру ұйымы автоматты өрт дабылы жүйесіне қосылып, цифрлық бейнебақылаумен қамтамасыз етілген. Барлық камера мен дабыл үйімесі Астана қаласының Полиция департаменті жанындағы жедел басқару орталығына қосылған. Саңдық бейнебақылаумен қамтамасыз ету 100 пайызды құрайды. Бүгінгі таңда қаладағы барлық білім беру

ұйымында 14406 бейнекамера бар. Соның ішінде ғимарат ішінде – 10272, ғимараттың сыртында – 4134.

Барлық білім беру нысанында күзетті і санатты лицензиясы бар жеке күзет фирмалары қамтамасыз етеді. Биыл барлық білім беру нысаны (мектептер, колледждер, қосымша білім беру ұйымдары) заманауи Face ID жүйесімен жабдықталған турникеттермен жаңдарды.

Оқу жылының басында Білім басқармасының ұйымдастыруымен елорданың барлық жекеменшік және мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшыларына «Білім беру мекемелерінің жай-күйі және жалпы қауіпсіздігі» тақырыбында түсіндіру жұмысы өтті. Аталған жиынға Астана қаласы Төтенше жағдайлар департаменті мен Полиция департаментінің өкілдері қатысты.

Өрт қауіпсіздігі және азаматтық қорғау саласында 2023-2024 оқу жылына арналған оқу-жаттығуларды өткізу жоспарына сәйкес, барлық білім беру ұйымында қалалық ТЖД мамандарымен бірге, меншік нысанына қарамастан, білім беру ұйымының барлық басшысы, персонал мен оқушылар үшін тұрақты негізге табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған кезде жаттығулар өтеді.

Осы жылдың басынан бастап өрт кезінде адамдарды қауіпсіз эвакуациялау бойынша 14514 адамды қамтумен 211 жаттығу, 5039 адамды қамтумен өртке қарсы тақырыпта 260 нұсқама өтті. 2023-2024 оқу жылында білім беру нысандарында 3174 оқушыны қамти отырып, өрт қауіпсіздігі бойынша сауалнама тесті өтті.

«Осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда және Астана қаласы әкімдігінің, сондай-ақ Білім басқармасының ерекше бақылауында» деді Білім басқармасы басшысының орынбасары.

Оның сөзінше, аталмыш басқарма құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысын күшейтті. 2024 жылдың басынан бері алдын алу кеңестерінің 1301 отырысы өтті. Бұл 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 105,8 пайызға артық (2023 жылы – 1064, қыркүйек 2023 ж. – 632). Бүгінгі таңда ювеналды полицияда есепте тұрған көмелетке толмағандар саны – 136 (бұрын – 148) адам. Бұл оқушылар арасында құқық бұзушылықтың 8,1 пайызға төмендегенін көрсетеді. Мектепшілік есепте тұрған оқушылар саны – 697 (бұрын – 309) адам. Өсім 125,5 пайызды құрап, білім беру ұйымдарында құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысының күшейгенін айғақтайды.

«Есепте тұрған көмелетке толмағандармен жеке жоспар бойынша жұмыс жүргізілуде. Өр мектеп оқушысына және колледж студентіне әлеуметтік портрет жасалды» деді Серік Әділбай.

Елордадағы барлық жалпы білім беретін мектепте 135 қосымша білім беру ұйымдарының филиалдары жұмыс істейді. Онда 234697 оқушы оқиды. Мектептерде жұмыс істейтін үйірмелерде 84377 оқушы қамтылған. Астанадағы оқушылардың 81,5 пайызының бос уақыты ұйымдастырылған.

Мектепшілік есепте тұрған 697 көмелетке толмаған балалардың үйірмелермен және секциялармен қамтылу деңгейі 98 пайызды құрайды. Соның ішінде 484 бала үйірмелерге қатысады, 200 бала спорт секцияларында шұғылданады, қалған 2 пайызы денсаулығына байланысты қамтылмаған.

Көмелетке толмағандардың құқықтық мәдениетін арттыру мақсатында іс-шаралар (сынып сағаты, әңгіме, дәріс, сауалнама, байқау, кездесу) өтеді.

«Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысы аясында 16 мобильді топ құрылды. 11-16 қазан аралығында мобильді топтар 8-11-сынып оқушыларымен (барлығы 27489 бала) 111 білім беру ұйымында (83 мектеп пен 22 колледж) профилактикалық дәріс өткізді» дейді басқарма басшысының орынбасары.

Оның айтуынша, Астанада Психологиялық қолдау орталығы ашылды. Мекенжайы: Астана қаласы, Достық көшесі, 13. Психологиялық қолдау орталығы білім беру ұйымдарының психологиялық қызметінің жұмысын үйлестіреді. Педагог-психологтарға



әдістемелік қолдау көрсетеді және оқушылар, педагогтар мен ата-аналар арасында алдын алу және ағартушылық жұмыс жүргізеді. Осы жылдың 1 маусымы мен 30 қазаны аралығында орталық психологтары 602 жеке кеңес өткізді (244 – ата-аналармен, 242 – балалармен және 116 – педагогтармен).

Қаланың 5 ауданында оқушыларға, ата-аналарға және педагогтарға тегін психологиялық-консультативтік көмек көрсету кабинеті жұмыс істейді («Нұрсая-2» ТК, №11 мектеп-лицей, №105 орта мектеп, №22 мектеп-гимназия, №92 мектеп-гимназия, №10 мектеп-гимназия). Жыл басынан бері 362 бала және 407 ата-ана психологтардан кеңес алды (2023 жылы 264 бала және 254 ата-ана). Осы оқу жылында қала мектептеріндегі психологтар саны 200 штаттық бірлікке көбейді, әр психологқа 500-750 бала жүктеледі.

«Қаладағы білім беру ұйымдарында антибуллинг бағдарламасы жүзеге асуда. Бұл жобаға қанатқақты режимде 5 мектеп (Алматы ауданының №72 мектебі, Байқоңыр ауданының №16 мектебі, Нұра ауданының №79

мектебі, Есіл ауданының №24 мектебі, Сарыарқа ауданының №6 мектебі) енді. Бағдарлама аясында буллингтің алдын алу және азайту бойынша іс-шаралар (сабақ, тақырыптық кезекшілік, бірлескен оқылым) өтіп, анықталған буллинг жағдайын шешу жұмысы жүргізіледі. Сондай-ақ мұғалімдерді оқушылардың алаңдаушылық деңгейін анықтау дағдысына үйрету жұмысы ұйымдастырылған» деді Серік Әділбай.

Бұған қоса, қаладағы 5 білім беру ұйымында «Досбол-LIKE» бағдарламасы жүзеге асуда (№4, 24, 25, 72, 74 мектептерде). Бағдарлама аясында педагогтарға «Білім беру ұйымдарында буллингтің алдын алу бағдарламасының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбында біліктілікті арттыру курсы өтеді.

«Балалар – әрқайсымыздың өміріміздегі ең қымбат байлығымыз. Олардың ғаламторды пайдалануы, қандай адамдармен араласатыны, сабақ үлгеріміндегі жетістіктер, аталған мәселелердің барлығы басты назарда болу қажет» деп түйіндеді сөзін басқарма басшысының орынбасары.

Бүгінде әрбір адам смартфонға ие. Тіпті жасөспірімдерден бастап қарттарға дейін күн ұзақ гаджетке телміреді. Сөзсіз, қызмет көрсетудің барлық саласын біріктірген электронды технологиясыз күніміз қараң, ісіміз өнімсіз, уақыт мәнсіз сезіледі. Өмірімізге телефонның енгені сонша, XXI ғасырдың адамын смартфонсыз елестете алмаймыз. Есесіне адамдарда телефонға тәуелділік күшейіп, психологтар «номофобия» деп аталатын дертке шара-сыздық танытуда. Мәслихат депутаттарының II республикалық форумында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «цифрлы зомби-лердің» қоғамға келтіретін қауіп-қатеріне алаңдаушылық білдірді.

Нұрлат
БАЙГЕНЖЕ

Адамдар рухани қарым-қатынасқа қарағанда виртуалды байланысқа басымдық береді. Тіпті виртуалды махаббатқа сенетіндер көбейді. Енді бірде-бір адам смартфонсыз және интернетсіз өмір сүре алмайтын «цифрлы құлдарға» айналды. Фантаст жазушылардың шығармашылығындағы «зомби апокалипсис» келді.

ТЕЛЕФОНҒА
ТӘУЕЛДІСІЗ БЕ?

Расында, технологиялық прогресс пен жаһандық цифрландырудың дамуымен электронды гаджеттер өміріміздің ажырамас бөлігіне айналып, онсыз өмір сүру қиындап, «номофоб» термині қолданысқа енді. Қазір әрбір адам минут сайын мессенджерді тексеруге, әлеуметтік желідегі жаңалықтар таспасын айналдыруды әдетке айналдырды. Смартфон байланыс құралы ғана емес, біздің қолымызды ұзартатын, тіпті ісімізді сапалы ететін болды.

Номофобия – смартфонға әдеттен тыс тәуелділік. Қазір миллиондаған адам гаджет болмаса өзін жайсыз сезініп, алаңдаушылық білдіреді. Бұл – «номофобияның» бір көрінісі. Мұндай белгіні смартфон ұстаған кез келген адамнан көруге болады. Өйткені алғашқы «ұялы телефондар» байланыс құралы болса, қазіргі смартфондар өмір сүру сапасын арттыратын бір құралға айналды. Онда денсаулықты бақылау, білім беру компоненті, қаржы табу амалы және ойын-сауық мазмұнын қамтитын тұтас әлем шоғырланды.

– Мойындау керек, «смартфонға тәуелдімін». Өйткені уақыттың көп бөлігі телефонда өтеді. Гаджетсіз бір күнді елестету қиын және онсыз өмір сүру мүмкін емес. Адамдар смартфон арқылы үйден шықпай-ақ қажетті затын алдырады. Қашықтан жұмыс істеу мүмкіндігі туды. Телефонның бір сағатқа жоғалтып алып, бойымда үлкен үрей пайда болды, – деді елордалық Айкерім Бейсенбаева.

Мұндай мысал өте көп. Адамның барлық жас санаты – жасөспірім де, қарты да бір проблемаға тап болады, ол телефонсыз өмір сүруден үрейленеді. Яғни таңертең ұйқыдан оянганда алдымен смартфонды тексеріп, содан кейін ғана жаңа күнін бастайды.

– Шыны керек, электронды құрылғылар адамның өмірін айтарлықтай жеңілдетті. Мәселен, телефондағы калькулятормен күрделі есептерді алып-қосуға, қараңғы кезде жарығын жағып, жол табуға болады. Меніңше, адамдар гаджеттердің көмегімен стресті жеңіп еңсереді. Қалай десеңіз, әлеуметтік желіге бастан кешірген оқиғасын баяндап, пікірлестерімен ой алмасып, эмоциясын шығарып, жеңілдеп қалады. Сондықтан смартфонның адамға ықпалын біржақты бағалауға болмайды, – дейді психолог Айзат Ибрагимова.

Смартфонның пайдасы көп болғанмен, оған тәуелділіктің теріс әсері адам өмірінде айтарлықтай көрінеді. Біріншіден, адам миы шамадан тыс жүк алады. Яғни тәулігіне 24 сағат, жылына 365 күн адам миы қажетті-қажетсіз деректерді қабылдап, психикалық денсаулығына кері әсер етеді. Екіншіден, психикалық жалқаулықты тудырады. Қазір оқушылар мен студенттер қажетті деректі кітаптан емес, Google, Яндекс арқылы іздейді. Үшіншіден, ұйықтар алдында смартфон немесе планшет пайдалану ұйқыны бұзады. Мелатонин – «ұйқы уақыты келді» деп сигнал беретін гормон. Құрылғы экранындағы көк жарық мелатонин деңгейін төмендетіп, ұйқы-ояну циклін бұзады. Төртіншіден, адамдар арасындағы қарым-қатынасты әлсіретеді. Желі белсенділерінің Facebook-та 5000 досы немесе Instagram-да 1500 ізбасары бар, бірақ қиын кезде сырласып, сөйлесетін шынайы досы аз. Бесіншіден, виртуалды және шынайы өмірдегі іс-әрекетті үйлестіре алмай, күйзеліске түседі.

«Гаджеттің адамдарға теріс әсері – зейін төмендейді, есте сақтау және қабылдау нашарлайды, өзін-өзі тануы мен уақыттың маңызын түсінбейді. Гаджеттерді шамадан тыс пайдаланған жеткіншектердің ойлауы мен сөйлеуі бұзылады. Смартфонның физиологиялық зиян-зардабын, адамдар белсенді қозғалысты азайтады. Бұл ұйқы мен тәбеттің бұзылуына, шынайы өмірмен байланысын әлсіретуге әсер етеді» деді А.Ибрагимова.

СМАРТФОНҒА
ШЕКТЕУ БОЛА МА?

Телефон талай жастың бала-лық шағын ұрлап, мақсатсыз, сенімсіз, жігерсіз болып қалыптасуына ықпал етуде. Осындай проблемамен бетпе-бет келген елдер білім беретін орындарда телефон ұстауды шектеуде. ЮНЕСКО әлем елдеріне мектептерде смартфон пайдалануға тыйым салуды ұсынды. Франция, Греция, Ресей, Әзербайжан, Тәжікстан мектептерінде эк-

тронды құрылғыны пайдалануға тыйым қойылды. Канаданың кейбір штаттарындағы білім беру ұйымдары смартфон қолдануға шектеу қояды. Қытайдың Білім министрлігі бастауыш пен орта буын оқушыларына мектепке ұялы телефон алып келуге тыйым салды. Ресейдегі заңға сәйкес, оқушылар немесе педагогтардың өміріне немесе денсаулығына қауіп төнген жағдайда ғана мобильді құрылғыны пайдалануға рұқсат етіледі. Телефондарды оқу

берілмейді» делінді. Міне, мектептер осы заңның құзырымен сабақ үстінде оқушылардың телефон қолдануын шектейді, – деп түсіндірді салаға жауапты басшы Серік Әділбеков.

Мектепке және оның аумағына әкелуге тыйым салынған заттарды үшке бөліп қарастыруға балады. Біріншісі, қарулар, қаруға сыртқы ұқсастығы бар заттар, электрошок құрылғылары, радиоактивті заттар, жебелер және басқасы. Екіншісі, шанышқылы, кескіш,

ГАДЖЕТТІҢ АДАМДАРҒА ТЕРІС ӘСЕРІ – ЗЕЙІН ТӨМЕНДЕЙДІ, ЕСТЕ САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАБЫЛДАУ НАШАРЛАЙДЫ, ӨЗІН-ӨЗІ ТАНУЫ МЕН УАҚЫТТЫҢ МАҢЫЗЫН ТҮСІНБЕЙДІ. ГАДЖЕТТЕРДІ ШАМАДАН ТЫС ПАЙДАЛАНҒАН ЖЕТКІНШЕКТЕРДІҢ ОЙЛАУЫ МЕН СӨЙЛЕУІ БҰЗЫЛАДЫ. СМАРТФОННЫҢ ФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ ЗИЯН-ЗАРДАБЫН, АДАМДАР БЕЛСЕНДІ ҚОЗҒАЛЫСТЫ АЗАЙТАДЫ

іс-шарасынан тыс, мысалы, үзіліс кезінде пайдалануға шектеу қоймайды. Қажет болса, мектеп гаджеттері жеке емес, білім беру мақсатында пайдаланылады.

Біздің елдегі білім беретін ұйымдарда оқу процесі кезінде оқушының телефон қолдануы қалай реттеледі? Шектеу бар ма, болса қандай заңдармен қаралады? Бұл сұраққа Астана қаласы Білім басқармасы басшысының орынбасары Серік Әділбеков жауап берді.

– Білім беру туралы заңның 47-бабында білім алушылардың құқығы, міндеті мен жауапкершілігі айқындалды. Осы баптың 10-тармағында «Білім алушы мен тәрбиеленушілерді оқу процесінен алаңдатуға жол берілмейді» деп көрсетілді. Ал 10-тармақтың 1-тармақша-сында «оқу мақсатында қысқа мерзімді оқу жоспарында көзделген жағдайды қоспағанда, орта білім беру ұйымдарында білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу процесі кезінде ұялы байланыстың абоненттік құрылғысын пайдалануына жол

шапқыш қару және өткір заттар, өнеркәсіптік құрал-саймандар, пышақ түрлері. Үшіншісі, оқ-дәрілер, снарядтар, жарылғыш және тез тұтанатын заттар, химиялық және улы заттар, аэрозольді бояулар, жарық беретін зымырандар және басқа да пиротехникалық құралдар, құрамында улы және мия тамыры бар, көзден жас ағызатын, бұрыш, газ баллондары, алкоголь, есірткі, психотроптық заттар, темекі, темекі қоспалары және басқа да қауіпті заттар жатады.

Білім беру – қызмет көрсету. Тиісінше, тұтынушылар құқығын қорғау заңымен де реттеледі. Заңда тұтынушылардың видео және фототүсірілімге құқығы бар деп жазылды. Баласының қауіпсіздігіне алаңдап, мектепке смартфон ұстап баруға мүдде танытатын ата-ана көп.

Қытай билігі оқушылардың көру қабілетін сақтап, сабаққа деген зейінін ашып, оқу процесі кезінде интернетте отырып, ойын ойнамауы үшін, физикалық және психикалық

дамуын күшейту үшін арнайы заң қабылдап, тіпті мектепке телефон алып келуге шектеу қойды.

– Оқу процесі кезінде бір оқушының телефон қолдануы өзіне ғана емес, сыныптастарына да әсер етіп, оқуға деген ынтасын төмендетеді. Сондықтан ата-аналарға түсіндірме жұмысын жүргізіп, білім алушылардың сабақ үстіне телефон қолдануын шектейміз, – деді №74 мектеп директоры Еркінжан Бөкейхан.

ВИРТУАЛДЫ
ШЫНДЫҚТАН ШЫҒУ

Әлеуметтанушылар мен психологтардың зерттеуінше, телефонға тәуелді адамдар шынайы өмір мен виртуалды кеңістік арасындағы айырмашылықты ажырата алмай, жүйке жүйесіне салмақ түседі.

Цифрлық тәуелділіктен қалай қорғауға және гаджеттердің құлы болмауға болады? Бұл сұраққа психолог Айзат Ибрагимова жауап берді.

– Қазір балалар арасында ғана емес, ересек адамдарда да смартфонға тәуелділік байқалады. Үлкендер «жұмыс бабымен телефон қолданамыз» деп ақталғанмен, ұзақ уақыт қажетсіз видеоларды көріп отырады. Әлі түсінік-танымы толық қалыптаспаған жасөспірімдердің телефонға тәуелділігін үлкен трагедия деу керек. Әрине, қазіргі балаларды гаджеттерден мүлдем шектеуге де болмайды. Дұрысы, электронды құрылғыны бірнеше сағаттан артық қолданудың зиянын түсіндіріп, виртуалды әлемде уақыт өткізудің шекарасын

көрсету маңызды. Бастысы, жеткіншектерді спортқа, өнерге қызықтырып, бос уақытын тиімді өткізуді ұйымдастырып, жауапкершілігін арттыру қажет. Ересектер психологқа жүгіну-ден қорықпай, смартфонда көп уақыт өткізуге итермелейтін мәселені жан-жақты зерттеп, шындыққа тура қараған дұрыс. Смартфонды қойып, далаға шығып, таза ауамен тыныстап, серуендеу адамды рухани тұрғыда сергітіп, өмірге деген құлшынысын арттырады. Осының мән-маңызын түсіну керек. Онсыз қандай психологқа барғанмен, телефонға тәуелділіктен арлыу қиын болады, – деді психолог.

Телефонға тәуелді адамдар депрессияға тез түсіп, көп нәрсеге көңілі толмай, ашушаң болады, өзіне деген сенімі төмендейді, бастысы, ұйқысы бұзылады. Ондай адамдар жеке кездесуден гөрі интернетте сөйлесуді жөн көреді. Ғалымдар әлем бойынша гаджетке жұмсайтын уақыттың 20 пайызға артқанын анықтап, смартфонды бейберекет қолдану салдарынан балалардың ойлау қабілеті шектеліп, өзін-өзі бақылау әрекеті төмендейтінін, тіпті жүйке шалдығу дертінің белгілері көрініс беретінін дәйектейді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы телефонға тәуелділіктің кесірінен бұрын-соңды болмаған жаңа дерттің түрі табылғанын мәлімдеді. Ал Қытай, Жапония, Оңтүстік Корея, АҚШ смартфонға әуестік салдарынан ақыл-есі кемістікке ұшыраған балаларды сауықтыратын орталықтар ашты.

Америкалық өнертапқыш, Apple корпорациясының негізін қалаушы Стив Джобс өзінің отбасы мүшелеріне үй ішінде смартфон қолдануға тыйым салып, бос уақытында кітап оқып, өз-өзін дамытуды қадағалайды екен.

P.S: Адамдар арасында цифрлы технологияға тәуелділік бар. Бұл – ақиқат. Смартфон жасөспірімдердің ойлау жүйесіне, эмоционалды дамуына кері әсер етеді. Ғалымдар «цифрлы зомби» бағдарламасы қоғамды тобырға айналдырады деп дабыл қағуда. Өйткені электронды қондырғыға телмірген адамдар айналасында не болып жатқанын білмей, мақсатсыз, бағдарсыз өмір сүреді. Мемлекет басшысы «цифрлы зомби» туралы айтып, алаңдаушылық білдіріп отырғаны да сондықтан.

Ең үлкен мәселе – әлемдегі геосаяси тартыстың күшейіп келе жатқаны. Жер бетіндегі әртүрлі табиғат ресурсы үшін талас жүріп жатыр. Ресурстардың ең зоры – Жер. Жерді қорғауда Қазақ хандығы, оның алдындағы Шыңғыс қағаны, Алтын орда тұсында өз тәжірибесі болды. Ол – «әскер-халық» ұғымы. Яғни бір тудың, бір ұранның астында біріккен халықтың демография саны, әскери қуаты, сапасы үнемі әскери жағдайда болды. Мұндай өрлік кеңес өкіметі орнаған кезге дейін өршіп тұрды. Кеңес заманы «әйел теңдігін орнату» деген сылтаумен біздің халықтың дәстүрлі мәдениеті ретінде ғасырлар бойы үзілмей жалғасып келе жатқан қазақ отбасы құрылымын түбірімен жойды. Қазақ қоғамы кезінде көп әйел алу дәстүрі негізінде саны артып, ұлт болып қалыптасқан. Әлемнің көптеген елінде, әлем халықтарында, этностарында полигамиялық отбасы қарым-қатынасы, көп әйел алу дәстүрі сақталған еді. Бұл – мәдениетінің бөлінбес бір саласы, өмірінің ажырамас бөлшегі ретінде мызғымайтын дәстүрі мен ғұрпы. Бізде советтік кезеңдегі тәрбиемен полигамиялық отбасы құрып, көп әйел алу дәстүріне алаөздік қалыптастырды, еуропалық құндылықтарға кіріптар етіп, әйелдердің құқығын тең қарамай, тіпті жоғары қойып, ер адамның әке мен атағасы дәрежесін төмен түсірді.

– **Соның нәтижесінде орта ғасырларда мықты болған Еуропаның ағылшын, неміс, француз сияқты белді-белді халықтары қазіргі уақытта депопуляция құбылысын бастан кешіруде ғой.**

– Аталған халықтардың өзіндік үлес саны өз мемлекеттерінде төмендеп барады. Бұл экономикалық тұрғыдан тиімсіз екенін мойындап отыр. Өйткені демография, ең алдымен, экономикалық мәселе. Бұл – еңбек күші. Қоғамның материалдық игілігін өндіретін еңбек жасындағы азаматтардың саны жетіспесе, онда ол еңбек қолын сырттан әкелуге мәжбүр болады. Еуропаның бағына қарай деп айту керек болар, Азия, Африканың көптеген еліндегі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың төмен болу салдарынан жұртшылық осы елдерге ағылуда. Олардың нәсілі, ұлты, тілі басқа, мәдениеті мен діни ұстаным да жергілікті өркениеттен айырмашылығы жер мен көктей. Бірақ мәжбүрлік оларды осыған жеткізіп, еңбек нарығындағы тапшылықты эмигранттар арқылы шешуде. Эмигранттардың бірнеше буыны өсіп-жетіліп, тұрақтағаннан олардың қалың легі елдегі жағдайларға өзгеріс енгізіп, ықпал етпей қоймады.

– **Біздің жағдайымызда ертеңгі күні не күтіп тұр?**

– Егер біз еуропалық тұрмыс-салт стандартын алсақ, онда олардың қазіргі күнде басынан кешіп отырған депопуляция мәселесіне тірелеміз. Ал бұл мәселеден айналып өтудің амалын қарастырсақ, онда ата-бабамыздың өскен тарихына, ұстанған өмір салтына жүгінген жөн.

Дәстүршілдік – кез келген мәдениеттің, өркениеттің жалғасуының кепілі. Егер оны қажет етпей, сақтамайтын болса, ол қоғам өзгеріске түседі. Бұл қоғам дамымайды деген сөз емес. Мысалы, Еуропа дамып жатыр, барлық озық технология, инновация сол жақта, бірақ адамдары мәдени-рухани тоқырауға ұшырап, осы игіліктердің иесі кім дегенде тілі күрмеледі. Егер демографиялық өсу тоқтаған

ДІҢГЕГІМІЗ – ДӘСТҮР мен ДЕМОГРАФИЯ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мақсат АЛПЫСБЕС өткен тарихымызға талдау жасап, кеңес өкіметі әрекеттері нені көздеді, не нәрсеге қол жеткізді, большевиктер жүргізген саясаттың салдарынан нені жоғалттық, неден ұтылды деген сұрақтардың жауабын беретін кез келді дейді. Бірақ ақ патшадан бастап бірнеше ғасырға созылған қазақ мүддесіне кереғар жүргізілген идеологияның шеңгелі бүгінгі ұрпақтың кең ойлап, уақыт белесінде үзілген арқауды жалғауына мүмкіндік бере ме?! Осы күнге дейін қалыптасқан пікірлердің құрсауынан арылуға бір сұхбаттың шама-сы келе ме деген күмәнді сейілткен профессор тарихты әріден қозғады.



кезде халықтарының саны азайып, жойылудың алдында тұрған кезде оның пайда-сы қаншалықты маңызды?! Біздің де алдымызда таңдау тұр. Әлемнің жақсы дәстүрінен қол үзбей, өз болашағымыздың іргесін қалауымызша тұрғызуымыз керек.

– **Қазақ ұлттық демографиясының бір ұштығы қазақ шежіресінде тарқатылады емес пе?**

– Иә, ұлттың төл тарихын, тарихи санасы мен жадысын, одан басқа қазақ тарихының ажырамас бөлшегі ретінде қазақ шежірелерін зерттеуге де тыйым салып келді. Кеңестік кезеңде қазақ шежірелерін зерттеуді диссертация тақырыбы ретінде бекітпей дегенде, аға буын өкілдерінің белді өкілі Болат Көмеков сияқты ғалымдардың айтуынша, «белгісіз күштердің араласуымен зерттеуге жол берілмеген еді» дегенін естідік. Бұл кезінде партия мен КГБ жүйесі ғылым тақырыптарын да бақылауда ұстағанын көрсетеді. Тәуелсіздік алған жылдарда ғана қазақ шежіресі тақырыбында тарихнамалық-деректану тұрғысынан алғашқы болып тарих ғылымының кандидаты дәрежесін қорғауға диссертациялық еңбек жаздым. Ең алдымен, ол Мәшһүр Жүсіп жинаған қазақтың шежірелік деректерін жан-жақты зерттеулерге алумен байланысты болды және докторлық диссертацияны осы тақырыпта қорғадым.

– **Қазақ шежірелері қазір көптеп жариялануда. Біздің ұлттық тарихтың маңызды дереккөзі ретінде олар қаншалықты құнды?**

– Шежірелік тарихи дерек көздері арқылы қазақ генеологиясын ғана емес, ұлттық демография мәселелерін, қазақтың отбасы дәстүріне, неке қатынасына, бұрынғы қазақ әлеуметінің жағдайын сараптауға мүмкіндік алып отырмыз. Сол тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ қоғамы санасының үлкен өзгеріске түскенін байқаймыз. Қазақтың тілі орыстанып кеткеннен де қатерлі, ұлттық сананың бүлінген, өзгерген қауіпін ашық айта алмай жатырмыз. Мысалы, кейбіреулердің қазақша сөйлеу әсерімен ойлау жүйесі, ұлттық құндылықтар, өмірлік ұстанымдары қазақты пайымдау, түркілік ақыл тую, түркілік мәдениет аясынан алшақтап кеткен. Бұл – қазақ қоғамының «сәбеттеніп», «сәбеттендіру» саясаты артындағы орыстандыру, одан қалды орыс мектептері арқылы орыс ой-санасын қазаққа күштеп таңуы шарықтау шегі-

не жеткені. XVIII ғасырда Бұқар жыраудың: «Өлтірмей алар жаныңды, бауыздамай ішер қаныңды» дегені дәл осы. Яғни тұр-тұрпаты қазақ болғанмен, жаны жат, болмысы бөтендер қазір жеткілікті. Қазақ қоғамының бүгінгі шешуші таңдауын жасайтындардың басым көпшілігі солардың қатарынан болып тұр.

Халқымыз шыққан тегіне қатты мән берген. Шежіресін қастерлемейтін адам жоқ. Ал сол қазақ шежіресінде айтылатын нәрсе: мынау бірінші әйелден тарайтын, мынау екінші анамыздан тараған, мына аталар үшінші әйелдердің балалары... Мысалы, Олжабай батыр Толыбайұлы деген батырдың тегін таратайын. Бұл – Әлкей Марғұланның атақты бабалары. Қалмақ соғысында атағы жер жарып, «Олжабай есен болса, ел аман» деген сөз қалған. Сол Олжабай батырдың қазақ, қырғыз, қалмақ, қарақалпақ әйелінің ұрпақтары деп көп тараған. Бұл әулеттің біразы кешегі ашаршылықта қырылып қалды, кезінде бірнеше әйел алып, олардан ұрпақтары көбейіп, тарамаған да, бір әулеттің ғана емес, қазақтың мақтанышы Әлкейдей ғалым дүниеге келмеді еді. Қазақтың отбасы салтындағы үлкен ана, кіші ана балалары



Шежірелік тарихи дерек көздері арқылы қазақ генеологиясын ғана емес, ұлттық демография мәселелерін, қазақтың отбасы дәстүріне, неке қатынасына, бұрынғы қазақ әлеуметінің жағдайын сараптауға мүмкіндік алып отырмыз. Сол тұрғыдан келгенде, қазіргі қазақ қоғамы санасының үлкен өзгеріске түскенін байқаймыз. Қазақтың тілі орыстанып кеткеннен де қатерлі, ұлттық сананың бүлінген, өзгерген қауіпін ашық айта алмай жатырмыз

дегендей ұғымды алып қарасақ, бұл этнографиядағы «өскен әулет» («расширенная семья») деген отбасы дәстүріне сай түсінік.

Өскен әулет, кең отбасы дәстүрлері әлем халықтарында дамыған, біздің елде де советтік модернизацияға дейін жойылмаған. Өткен ғасырдың басында билікті қолына алғаннан кейін коммунистер отбасы құрылымына тиісті. «Екі отауы болса біреуін қызыл отауға алыңдар, үш әйелі болса біреуін қалдырып, екеуін босатыңдар» деп қазақ отбасы институтына қарсы соғысты бастады. Әрине, мұның барлығы неке туралы заңмен моногамиялық қарым-қатынас орнатты. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін көп әйел алуға заңмен тыйым салынбады. Қазақстанда жұптық, бір әйел бір еркекпен жұптасатын ресми отбасы институты бар. Бірақ жасыратыны жоқ, біздің қоғамда бірнеше әйел алып, одан ұрпақ көріп отырғандар бар ғой. Бұл жайт заңмен реттелмеген. Бұл дұрыс емес. Егер әйел теңдігін, әйел құқығын қолға алсақ, екінші, үшінші болып өмір сүріп жатқан әйелдердің статусы заң шеңберінде анықталуы тиіс. Олардың құқығын қорғап, некесіз туды деген жаман аттан сақтап, заңдастырып, әйел мен одан туған балалардың мирасқорлық, мұрагерлік, тектік дәрежесін бекіту керек. Әсіресе соңғы кезде қалыптасып келе жатқан көп әйел алу үрдісін социологиялық тұрғыдан жан-жақты зерттеу керек, тәжірибелік жағынан қаншалықты тиімді-тиімсіз деп салмақтап қарастыру керек. Жаңғырып келе жатқан жақсы дәстүр болса, даурығып бас тартудың қажеті жоқ. Оның артықшылығы мен кемшілігін қатар бағалап, оның жаңа қоғамдағы өміршеңдігіне назар аударған жөн.

– **Екінші мәселе мемлекет қорғанысын қамтамасыз ету керек болмақ? Оның біреуі ғана ер бала болуы мүмкін. Ондай жағдайда жалғыз бала әскерге алынып, оққа ұшса, сол жерде бір атаның шежіресі тоқтап қалмай ма?**

– Бұл мәселені әлі де тиянақты, кең қарауды қолдаймын. Құдайға шүкір, табиғи өсім жаман емес, біршама уақытқа дейін көңіліміз тоқ болуы мүмкін, бірақ жағдай



Дәстүршілдік – кез келген мәдениеттің, өркениеттің жалғасуының кепілі. Егер оны қажет етпей, сақтамайтын болса, ол қоғам өзгеріске түседі. Бұл қоғам дамымайды деген сөз емес. Мысалы, Еуропа дамып жатыр, барлық озық технология, инновация сол жақта, бірақ адамдары мәдени-рухани тоқырауға ұшырап, осы игіліктердің иесі кім дегенде тілі күрмеледі

осылайша болып тұра бермейді. Өйткені Қазақстанда болып жатқан урбанизациялану, кенттену үрдісінің қарқыны күшті. Оның да өзіндік ықпалы бар. Ал медициналық тұрғыдан алғанда, әйел мен ер-азаматтың физиологиялық жасы болады. Ер адамның әлеуметтік-физиологиялық қуаты әйелдерге қарағанда ұзағырақ сақталады. Ер адамдар бір әйелге байланып қалса, ол физиологиялық жағынан ер-азаматтың талабына жауап бере алмаса, табиғи жаратылыс дегенін алады. Мінеки, осы да ер адамдардың жасынан бұрын өліп кетуіне, олардың ғұмырының қысқаруына алып келеді. Әлеуметтік-демографиялық көрсеткіш бойынша ерлердің жасы үлкен адамдар қатарындағы үлес көрсеткіші төмендеп кеткен. Біз қарты жоқ қоғамға айналып барамыз. Бұдан соң ақсақалдар институты мәселесі шығады. Ақсақал – өскен шаңырақтың иесі, ұл-қыз, немере-шөбере сүйген үлкен әулеттің басшысы. Ақсақалдықтың жақсы мағынадағы ұғымын егер біз ұмытсақ, онда рухани әлеміміздің басты элементінен айырылғанымыз деп білген дұрыс. Ақсақал өз дәрежесінде болмаса, шал-шауық қалады. Олар жасы келіп, кәрілікке жеткен әлеуметтік топтар, олардың қоғамда беделі де, жас буынға айтар мәнді ақылы да, беретін өнегесі де жоқ. Осылайша қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы жұптан тартады, құлдырауға түседі. Бұл да біздің жоғалтқанымыз.

Ауыл экономикасы тұрғысынан шаруашылық жүйесі бұзылды. Қазір бұрынғы совхоз, колхоз жоқ. Жеке шаруа қожалықтары пайда болды. Одан бөлек, сырттан жұмыс қолын жалдап үй салдыратын адамды, тағы басқа тірлікті жүргізетінді бөтен жақтан іздейді. Қазақ заманында бұл шаруашылық бір әулеттің, бір рудың тірлігі аясында болған. Дәстүрлі қазақ неке-отбасы жүйесінде үлкен әулеттің бар-

лық мүшесі бір игілікке жұмыс істейтін. Сол арқылы байып, дәулетін жинайтын. Үлкен отбасы болса, шаруасы да, жұмыс қолы да түгел болатын еді. Енді бір әйел алып, одан бір ұл көріп, шаруа қожалығын жүргіземін деу қиын болар. Қалада еңбек нарығы бар, жарнама беріп жалданатын, оларға жұмыс беретін адамдар жеткілікті. Ауылда ондай жағдай жоқ, бұл бізге ұнауы да, ұнамауы да мүмкін, бірақ осы мәселеге қайта оралып, қазақты тәжірибеміз арқылы шешіп, бір нәтижеге жетуі керек. Ұлт мүддесі, мемлекеттің болашағы геосаяси тартыс жағдайындағы тәжірибеміз арқылы шешіп, бір нәтижеге жетуі керек. Ұлт мүддесі, мемлекеттің болашағы геосаяси тартыс жағдайындағы тәжірибеміз арқылы шешіп, бір нәтижеге жетуі керек. Ұлт мүддесі, мемлекеттің болашағы геосаяси тартыс жағдайындағы тәжірибеміз арқылы шешіп, бір нәтижеге жетуі керек. Ұлт мүддесі, мемлекеттің болашағы геосаяси тартыс жағдайындағы тәжірибеміз арқылы шешіп, бір нәтижеге жетуі керек.

– **Қалай ойлайсыз, біздің бұрынғы өмір сүру тәжірибемізде ұлт игілігіне пайдаланатын салт-дәстүрлерімізді әлі де қайта жаңғыртуға бола ма? Өткеніміз нені дәлелдеді?**

– «Елу жылда – ел жаңа» деген. Өткен ғасырдың жиырма-жылдары туған-дар қырқыншы жылғы соғыс майданына түсті-дағы, бұлар жас шағында сарбаз болды. От пен оқтың ортасында Сталиннің уралаған коммунистік ұранымен жетілді. Совет өкіметінің сойылын соққан адамдар қатарынан болды. Олардың балалары қызыл комсомол, партия жолымен кетті. Отызыншы жылдары туған қазақ балалары әкелері соғысқа кеткенде, олар ата-әжелерінің тәрбиесінде болып, сол арқылы ұлттық санасы сақталып қалды. Сол отызыншы жылғы буындардың балалары – 86-жылғы жастар ұлт көтерілісіне қатысқандардың үлесі үлкен адамдар қатарындағы үлес көрсеткіші төмендеп кеткен. Біз қарты жоқ қоғамға айналып барамыз. Бұдан соң ақсақалдар институты мәселесі шығады. Ақсақал – өскен шаңырақтың иесі, ұл-қыз, немере-шөбере сүйген үлкен әулеттің басшысы. Ақсақалдықтың жақсы мағынадағы ұғымын егер біз ұмытсақ, онда рухани әлеміміздің басты элементінен айырылғанымыз деп білген дұрыс. Ақсақал өз дәрежесінде болмаса, шал-шауық қалады. Олар жасы келіп, кәрілікке жеткен әлеуметтік топтар, олардың қоғамда беделі де, жас буынға айтар мәнді ақылы да, беретін өнегесі де жоқ. Осылайша қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы жұптан тартады, құлдырауға түседі. Бұл да біздің жоғалтқанымыз.

Ауыл экономикасы тұрғысынан шаруашылық жүйесі бұзылды. Қазір бұрынғы совхоз, колхоз жоқ. Жеке шаруа қожалықтары пайда болды. Одан бөлек, сырттан жұмыс қолын жалдап үй салдыратын адамды, тағы басқа тірлікті жүргізетінді бөтен жақтан іздейді. Қазақ заманында бұл шаруашылық бір әулеттің, бір рудың тірлігі аясында болған. Дәстүрлі қазақ неке-отбасы жүйесінде үлкен әулеттің бар-

Сұхбаттасқан Айгүл УАЙС

– Дос Жармұханбетұлы, бұған дейін MD Anderson Cancer Center онкологиялық орталығында ғылыми зертханаға жетекшілік еттіңіз, 2019 жылы Қазақстанға қайта оралдыңыз, емі жоқ деп дәрігерлер бас қатырған қатерлі ісікке қарсы дәріні ойлап табу оңай болмаған шығар?

– Онкологиялық орталықтағы стратегиялық сынақ туралы осы жылдың басында арнайы брифинг өткізген болатынбыз, көпшіліктің сауалы көп болғандықтан, тағы да айтуды жөн көрдік. Естеріңізде болса, былтыр алғашқы клиникалық сынақты аяқтағанымызды баяндаған едік. Бастапқы сатыда біз дәріні рак жасушалары мен тышқанға қолданып, тиімділігіне көз жеткіздік. Бұл препаратты мен АҚШ-та, MD Anderson Cancer Center-де жұмыс істеп жүрген кезде ойлап тапқан едім. 2018 жылы сол жақта патент алдық. Қазір Назарбаев университетінде жұмыс істеп жүргендіктен, сол патентті осы оқу орнында лицензияладық. Қысқасы, зияткерлік меншігі өз қолымызда, халықаралық патентіміз бар. Ендігі шаруамыз – дәрінің тиімді екенін клиникалық сынақтарда дәлелдеп шығу. 2022-2023 жылы Ғылым және жоғары білім министрлігінен алғашқы қаражат аударылды. Ол ақшаға «С» дәруменінің «D» типін Алматыдағы «Нұр-май» фармакологиялық зауытында жасау жүйесін құрып, клиникалық зерттеулерді бастадық. Қатерлі ісік жасушалары метастазданғанда, олар глюкозаны белсенді түрде сіңіреді, осы механизм арқылы біз рак клеткасының белсенді процесін индукциялаймыз. Тышқандардағы рак клеткаларына алғашқы зерттеуіміз бұл препараттың тиімді жұмыс істейтінін көрсетті.

– Еліміз ғана емес, бұл клиникалық сынақтарға бүкіл әлем көзін тігіп отыр. Зерттеу жұмысы қалай жүргізіледі?

– Әр клиникалық сынақтың өзі екі фазадан тұрады. Бірінші фазада дәрінің кері әсері, улау көрсеткіші тексеріледі. 2023 жылдың басы, осы кезеңнен өттік. Сол жылы қатерлі ісіктің төртінші сатысындағы науқастарға еге бастадық. Ол науқастардың бәрі тік ішектің қатерлі ісігіне шалдыққандар еді. Жалпы онкологияға қарсы дәріні сынаған кезде нақты бір типіне ғана қолданып, тексереді. Бұл дәрінің әсерін, тиімділігін барынша нақты әрі жылдам түсінуге қолайлы. Тік ішектің қатерлі ісігінде мутацияланған KRAS-жасушалар болады. Бұл реттеуші ақуыздар ісікті қатерлі ете түседі. Панкреатит ісіктерінің 95 пайызында, тік ішек ісіктерінің 40 пайызында осы мутацияланған KRAS-жасуша болады. Әрине, бізді Денсаулық сақтау министрлігінің жауапты мамандары бақылауға алды, ең әуелі DVC дәруменін аса аз дозамен, бір килограмм салмаққа 0,15 миллиграмм мөлшерімен ғана сынауға рұқсат берді. Біз қайтара сынақ жа-



ҚАТЕРЛІ ІСІККЕ ҚАРСЫ ДӘРІ БАР

сағанда бұл дозаның тиімділігін көре алмадық, себебі доза мөлшері өте аз еді, докторлар препараттың кері әсерін, улау көрсеткішін байқамағандықтан, өткен жылдың қараша айынан бастап дозаның мөлшерін көбейтуге рұқсат алып, 0,3 миллиграмдық мөлшермен еге бастадық. Бұл кезде дәрі егілген алты адамның бәрінде ісіктің жайылуы (метастаз) тоқтады. Тіпті біреуінде ісік 30 пайызға кеміді. Бұл өте жағымды әсер еді. Қатты қуандық. Бірақ бұл біз күткен ақырғы нәтиже емес еді. Құрамында ең мықты мамандар – фармакологтар бар команда мүшелері үшін адам ағзасы бұл дәріні көтере алатын ең жоғарғы дозаны анықтау маңызды болатын. DVC препаратының дозасын 0,65 миллиграмға көтеруге рұқсат алдық. Жуықта сынақтарды өткізуге қажетті қаражат түседі. Содан кейін сынақтың тағы бір сатысын бастаймыз. Негізі, 1 шілдеден бері Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтында сондағы дәрігерлер таңдап алған бірнеше науқас осы 0,65 миллиграмдық дозаны қабылдап жүр. Бұл сатыда да алдыңғы тізбекпен жүреміз. Бірінші кезеңде дозаның қаншалықты токсинді екенін анықтаймыз. Келесі жылдың басына дейін осы дозаның уыты қауіпті емес екеніне көз жеткізуіміз керек. Осыдан кейін екінші фазаға өтеміз, яғни мутацияланған KRAS-жасушаны қаншалықты жоятынын тексереміз. Осылайша адам ағзасы көтере алатын шекті дозаны анықтап, пайда болған метастазды қаншалықты жоятынын көреміз. Бәрі ойдағыдай болса, осының бәріне 2-3 жыл кету керек. Онкологияда зерттеу, сынақ жасау – өте жауапты жұмыс, бұған біраз уақыт, күш кетеді, ең бастысы, сынақтарды нақты, дұрыс

бағытта жоспарлап, айқын мақсатқа жету өте маңызды. – Алғашқы сынақ кезінде нақты қанша қаражат бөлінді?

– Ондай үлкен сома емес, әрине, алғашқы екі жылға 700 млн теңгедей қаражат бөлінді. Оған қажетті препараттарды алып, керекті ғылыми-зерттеу жұмысын, клиникалық сынақтарды жүргіздік. Клиникалық сынақтар өте қымбат тұратынын ескерсек, алдағы 3 жылға қаржыландыруға енді ғана қол жеткіземіз деген ойдамыз. Бұл жерде ақша маңызды емес, ең бастысы, дәрінің тиімділігі, ойдағыны іс жүзіне асыру маңызды.

– Бағасы қандай болады деп ойлайсыз?

– Бұл маңызды препарат

Қазақстанда ғана емес, шетелде де қолжетімді бағада сатылады. Бірақ қазір басты назарда – дәрінің қатерлі ісіктің қай түрін емдей алатынын түсіну.

– Клиникалық сынақтар сәтті жүзеге асса, үшінші сатыға қадам қандай болмақ?

– «С» дәруменінің «D» типі тамақ қоспасы ретінде жиі қолданылады. Сондықтан дәрінің бағасын кез келген адамның қалтасы көтере алады деп ойлаймын. Бұл дәрінің адам ағзасы көтеретін дозасы анықталған кезде 60 адамдық 2 топқа сынақ жүргіземіз. Дәрі қатерлі ісіктің қай түріне барынша тиімді екенін анықтағаннан кейін үшінші сатыға өтеміз. Ол кезде мындаған адамға егеміз. Ереже бойынша сынақтың бірін-

Астаналық биолог, ғалым, Назарбаев университетінің оқытушысы Дос Сарбасов онкологияның төртінші сатысындағы адамдарға қолданытын дәрі ойлап тапты. Бұған дейін осы жобаның бастапқы сынағы жақсы нәтижемен аяқталғанын БАҚ біткен жарыса жазған еді. Назарбаев университетінде өткен баспасөз мәслихатында жоба авторлары екінші клиникалық сынақ қалай өтіп жатқаны туралы мәлімет берді. Жиынан соң Дос ЖАРМҰХАНБЕТҰЛЫМЕН азкем сұхбаттасқан едік.

ші, екінші сатысында бір онкологиялық орталықпен ғана жұмыс істеуіміз керек. Ал үшінші сатысында бірнеше орталықта сынақ жүргізе аламыз. Ол енді 2 жылдан кейін болатын шығар, жұмыстың қаншалықты сәтті жүргеніне байланысты.

– Мутацияланған KRAS-жасушаны жою дегенді оқырманға қарапайым тілмен түсіндіріп берсеңіз.

– Онкологияда мутацияланған KRAS-жасушаны жою – күрделі мәселе. Сондықтан ағзасында мұндай ген пайда болған адамдар ұзақ өмір сүрмейді. Біздің дәрінің тиімділігі бүкіл сынақта дәлелденіп шықса, онкологияның ең қиын мәселесіне шешім тапқан болар едік. Сынақ кезінде адамға 36 рет комбинациялы екпе салады. 3 апта екпе алады да, бір апта демалады. Кейін тағы 3 апта егіледі. Жексенбі күні демалады. Клиникалық сынақтың үшінші сатысында науқастар екпе алып болғаннан кейін үйіне қайта алады. Ал бірінші, екінші сатыда ауруханада жатып екпе қабылдайды. Осы үш сатыдағы сынақтар сәтті жүзеге асқан кезде, дәрінің қатерлі ісіктің қай түріне оң әсерін байқаған сәтте дәрінің үлкен дозасына ауысып, сол арқылы біз мындаған адамға бұл дәріні ұсына аламыз деген ойдамын. Біз қатерлі ісікті тоқтатып қана қоймай, түбірімен жойып жібергіміз келеді.

– Брифингке келген журналистерге дәріні әзірлеген зертхананы да көрсеттіңіз. Осы мақсатқа қалай келдіңіз?

– Ғалым ретінде қатерлі ісікпен қант диабетінің зат алмасуын зерттеген биолог Льюис Кэнтлидің еңбегін оқығаннан кейін ойланyp, осы мақсатты таңдадым. АҚШ-тың онкологиялық орталығында жүргенде рак жасушалары қандай затпен қоректенбесе, өлетінін

зерттедім. Амин қышқылыдырың бөлмей, ашықтырып көріп едік, шыдап шықты. Глюкозадан ашықтырып едік, екі күннің ішінде рак жасушалары өліп қалды. Осы механизмді зерттедік. Ол жасушалар өлген кезде оксиданттар бөледі екен. Сол кезде қатерлі ісік жасушаларын тікелей оксиданттың күшімен өлтіруге болатынын түсіндім. Сынап оксидін пайдалану идеясы осылай келді. Бірақ күшән деген – удың бір түрі. Оның өзін жалғыз пайдалану мүмкін емес еді. 2015 жылы Льюис Кэнтли дейтін америкалық ғалым мутацияланған KRAS-жасушаның күйзелісін күшейтуге «С» дәруменін пайдалануға болатынын жазды. Сол кезде күшән (мышьяк) мен «С» дәруменін комбинациялап ексе, тиімділігі әлдеқайда жоғары болатынын түсіндім. Бірақ біз «С» дәруменінің «D» типін қолданамыз, өйткені бұл типтің уыты барынша аз. Сондықтан оның дозасын күшейткен сайын тиімділігі арта түседі.

– Қатерлі ісіктің қандай түрлеріне сынақ жүргізілуде?

– Аурудың әртүрлі емес, тек қана бір түріне ғана ғылыми-зерттеу жұмысы жүргізіледі. Әрқилы болса, зерттеу мамандарға қиынға түсетіні даусыз. Әзірге бұл дәрі тік ішектің қатерлі ісігіне шалдыққан, төртінші сатыдағы науқастарға ғана егіліп жатқанын айттық. 36 инъекцияны 6 апта ішінде алды. Ал онкологияның басқа типтеріне әсері қандай болатынын геномдық зертхана ғалымдары зерттеуі керек. Алты аптаға созылатын емнен кейін адамдардың қайсысына дәрі қалай әсер еткенін білу өте маңызды.

– Науқастар қалай іріктеледі? Қажетті шикізат қайдан жеткізіледі?

– Оны Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институтының мамандары шешеді, ешбір науқаспен жеке таныстығым жоқ, дәрігерлер өздері таңдайды. Жоба авторлары бұл дәруменнен кейін егілетін күшән оксидін қазір Үндістаннан сатып алып отыр. Бүкіл сынақтар сәтті өтсе, оны да Қазақстанда шығармақ. Өйткені Үндістаннан әр дозасын 4 доллардан сатып алса, Қазақстандағы құны жарты доллар ғана болуы мүмкін.

– Науқастардың сенімі қандай болды, қанша уақытта препарат халыққа қызмет ете бастайды?

– Қатерлі ісіктің төртінші кезеңіндегі науқастар үміт оты ояған кез келген ұсынысты қабылдайды. Шегінерге жол жоқ. Олар докторлардың үміт сыйлайтын ұсынысын құп алатыны да сондықтан, тағы да айтамын, әр науқасты дәрігерлердің өздері таңдап, ұсынады. Сынақтардың бәрі сәтті өтсе, дәрінің барынша тиімділігі толығымен дәлелденсе, көп ұзамай ол дәрі халыққа қолжетімді бағамен қызмет ете бастайды деген сенімдемін.

Сұхбаттасқан
Гүлшат САПАРҚЫЗЫ,
журналист

ӘЛЕМ ОНКОЛОГТАРЫ БАС ҚОСТЫ

Астанада «Қатерлі ісіктерді емдеудегі қазіргі тенденциялар» тақырыбында өткен ғылыми-практикалық конференцияға 500-ге жуық маман қатысты. Олардың арасында радиология диагностикасы, терапия, ядролық медицина саласының мамандары және АҚШ, Франция, Азия, Жапония, Тайвань, Ресей, Якутия мен Қазақстанның түрлі өңірінен келген онколог-эксперттер болды.

Гүлмира
АЙМАҒАНБЕТ

Іс-шарада онкологияның маңызды мәселелері талқыланды. Қатысушылар емдеу мен диагностикадағы жаңа әдістер,

клиникалық және фармако-экономикалық мәселелер жайында сөз қозғады. Конференцияның бағдарламасында онкология саласындағы ғылыми жетістіктер, молекулалық-генетикалық зерттеулер, патологоанатомия-

лық қызмет, хирургия, онкоурология, цитология, балаларға арналған паллиативті көмек сияқты тақырыптар қамтылды. Сонымен қатар «Мейіркөмеісі» мен «Радиологиялық диагностика» бойынша арнайы

шеберлік сабақтар өтті. Конференция барысында нақты пациенттердің жағдайы талқыланып, диагностика мен емдеудің жаңа әдістері ұсынылды. Онкологиялық ауруларды ерте кезеңде анықтау, заманауи емдеу тәсілдерін енгізу және науқастардың өмір сапасын жақсарту мәселелері қаралды. Қатысушылардың айтуынша, бұл өз кезегінде онкология саласындағы ғылым мен тәжірибенің одан әрі дамуына ықпал етеді.





АҚЫН МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛДЫ

Ұлттық музейде Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл толуына орай «Ақын, ұлт қайраткері – Сәкен Сейфуллин» атты әдеби-сазды кеш өтті.

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің студенттері, С.Сейфуллин атындағы №80 мектеп-гимназия мен А.Байтұрсынұлы атындағы BINOM мектебінің оқушылары қатысқан іс-шараның мақсаты – С.Сей-

фуллиннің есімін ұлықтау, мәңгілік есте сақтау үшін жастарға ақынның өмірі мен шығармашылығын, қоғамдық істерін тереңірек таныстыру, туған елімізді сүйеге, құрметтеуге тәрбиелеу.

Кеште Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің «Ақжелкен» студенттік театрының

өнерпаздары ақын Ғазиз Ештанаевтың «Ақын мен ажал» драмалық қойылымын көрсетті. Сәкеннің қызметі мен шығармашылығына арналған көрме ұйымдастырылып, Ұлттық музей қорынан 28 жәдігер ұсынылды. Кеш соңында қатысушы жастарға алғыс хат табысталды.

ЕЛ МЕН ЕР ТАРИХЫН ТҮГЕНДЕДІ

Астанадағы Ұлттық академиялық кітапханада жас ақын, өлкетанушы Кенжебек Сержанұлының «Ер мен ел» атты тарихи-танымдық кітабының таныстырылымы өтті.

Әдебиеттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Серік Негимов алғысөзін жазған бұл кітапта Маңғыстаудан шыққан тұғырлы тұлғалар мен ел тарихы қамтылған.

«Аспан астындағы мұражай атанған, 360 әулиенің Құранды күңіренге оқыған, тастары тарих боп сөйлеген, таулары шежіремен тербеліп, баулары шыңырау суымен әлденген, азаматтары арда емген, маң даланың сарыны болып төгілген күйлері ақжарма болып Атырау теңізінің толқынын тербеген Маңғыстау руханияттың Меккесіндей болып, ғасырларды жетелеп келе жатыр. Әріде Абыл мен Қашаған бастаған, беріде

кемеңгер Кекілбаев қостаған өлкеден талай талант шықты, шыға береді. Соның бірі – «Ер мен ел» кітабының тұсауын кесіп жатқан Кенжебек Сержанұлы. Ол қазір руханият сапарының алғашқы адымын ел мен жердің ерен перзенттерін ұлықтаудан бастады. Тәлімді жол, тағылымды сапар. Жарты жолда жүгі аумаи, өзі діттеген жерге жаңылай жетуіне тілектеспін» деді белгілі ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Өтеген Оралбайұлы.

Таныстырылымда басқа да қаламгерлер мен елге белгілі азаматтар авторға ақжарма тілегін айтты.



ҚАЗАҚ ҚЫЗЫНА ҚҰРМЕТ

«Нұрикамал» әнінің тарихын білмейтін адам жоқтың қасы. Бұл ән желісімен Алматы және Көкшетау театрлары жан тебіренерлік қойылым қойғанынан хабардармыз.



Астанада режиссер Ернат Байұзақтың «Нұрикамал» романтикалық драмаға құрылған фильмнің жабық көрсетілімі айрықша леппен, керемет аншлаппен өтті. Киноны көруге келгендердің қарасы қалың болды. Фильмге демеушілік жасаған – кәсіпкер, бас продюсері Жандос Божаев.

Жан тебіренер әуезді әннің күллі халықтың көкейіне ұялауында не құдірет бар?! Сыр-сымбатымен композитордың жүрегін дір еткізіп, есімі әнге айналған Нұрикамал Сейітжанова мәдениет саласында қажырлы еңбек еткен тұлға екенін көрерменнің бірі білсе, бірі білмес. Осынау сазы мен сөзі үндескен табиғаты бөлек әннің шығу тарихын театр сахнасынан басқа стильде, өзгеше сценариймен таныстырған фильм актерлеріне айрықша респект деуге әбден болады. Біріншіден, аурасы жақсы фильм болды. Екіндік, шынайылық сезіледі. Екіншіден, актерлер рөлге жақсы таңдалған, әркім өз рөлінде жақсы ойнап шықты, еркін өнер. Үшіншіден, әзіл-қалжыңды да

қарапайым, жарасымды. Әр актер өз орнында көрінді. Әрбір сөз, әрбір деталь, мұңды әрі толқытатын сәттер орынды қойылған.

Нұрикамалдың өмірдегі құрбысы, досы, қайраткер Светлана Жалмағамбетова апайдың естеліктері, шығармашылық топқа алғыс айтуы фильмнен алған әсерді еселей түсті. Нұрикамал Сейітжанованың туысбауырлары, жақындары да фильмнің тұсаукесеріне қатысуы, алғысын жаудыруы, шығармашылық топқа сый-сыяпатын жасауы да жарасымды болды.

«Әннің де естісі бар, есері бар...» дегендей, фильмнің де естісі бар, есері бар деп айтар едік, соңғы кездері неше түрлі сатира бағытындағы ойсыз, ыржақай фильмдерді көріп отырмыз. Ал «Нұрикамал» фильмі, Нұрикамал әні қазақ қызына, қазақ өнеріне қойылған ескерткіш, ғажап туынды дер едік.

Гүлшат САПАРҚЫЗЫ

ҚАЗАНҒАПТЫҢ КҮЙЛЕРІ КҮМБІРЛЕДІ

«Қазақстан» орталық концерт залында күйші-композитор, Мәдениет қайраткері, «Халық қазынасы» ұлттық өнер орталығының күйшісі Еділ Басығараевтың «Күй шақырғыш» атты жеке концерті өтті.

Дәулескер күйші, ұстаз, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанғали Жүзбай жүргізген концерт

орындалды. Әр күй орындалмас бұрын шығу тарихы баяндалып, тыңдармандарға қазақ мәдениетінің филосо-



күйші Қазанғап Тілепбергенұлының 170 жылдығына арналды. Кеш иесі де Қазанғап мектебінің өкілі, оның күйлерінің бірден-бір насихатшысы. Концерттік бағдарлама да негізінен Қазанғаптың күйлерінен құрылды. Күй кешінде оның нотаға түспеген екі күйі

фиясын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді. Сонымен қатар концертте Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Айгүл Елшібаева, «Дарын» мемлекеттік жастар сыйлығының лауреаты Ардақ Елеусіз, республикалық байқаулардың лауреаты Әлихан Дүйсенбай өнер көрсетті.

КАМЕРАЛЫҚ ХОР КОНЦЕРТІ

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармонияның камералық хоры Қазақстанның хор өнерінің дамуына елеулі үлес қосқан КСРО Халық әртісі Анатолий Молодовтың 95 жылдығына орай ұйымдастырылған концерт-фестивальге қатысып, өнер көрсетті.

Камералық хордың көркемдік жетекшісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Гүлмира Құттыбадамова – Анатолий Молодовтың шәкірті.

«Анатолий Васильевич қазақ хор өнерін жаңа сапалы деңгейге көтерген алғашқы хор дирижері болды. Оның шәкірт тәрбиелеудегі әдістері әрқайсымыздың есімізде. Сольфеджионың вокалдық және хор мәдениеті бойынша сабақтары күнделікті капеллада өтті. Осының арқасында капелла үлкен ұжым ретінде қалыптасты. Ол қазақстандық композиторлардың шығармашылық зертханасы, республикада ғана емес, бүкіл Кеңес Одағында танылған кантаталар, ораториялар,

хор сюиталары мен миниа-торалардың алғашқы орындаушысы болды» дейді ол.

Концерт-фестивальде өнер ұжымы А.Молодовтың хорға өңдеген «Арыс жағасында» (әні Ш.Қалдаяқов, сөзі М.Шаханов), «Қоштасу» (әні Ғ.Жұбанова, сөзі М.Цветаева) «Қарлығаш» (әні А.Жұбанов, сөзі И.Матаков), «Бывайце здоровы» (әні М.Любана, сөзі А.Русак) шығармаларын орындады.

Бір айта кетерлігі, 24 қараша күні «Астана Опера» театрында Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармониясы камералық хорының Анатолий Молодовтың 95 жылдығына арналған «Бұлақтан шөлімді қандырдым» атты концерті өтеді.

Дайындаған Аманғали ҚАЛЖАНОВ